



ЕКІ ЕЛ БАЙЛАНЫСЫН ДАМУҒА БЕРІК НЕГІЗ

Тәуелсіздік сарайында елімізге ресми сапармен келген Лаос Президенті Тхонглун Сисулитті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тхонглун Сисулит бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет караулы ротасының бастығы рапорт берген соң қос мемлекеттің әнұрандары шырқалды. Бұдан кейін президенттер келіссөз залына барды.

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Лаос Президентінің Қазақстанға жасап отырған алғашқы сапарын тарихи оқиға деп атады.

— Келесі жылы екі елдің арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 30 жыл толуын атап өтеміз. Бұл — үлкен жеңіс. Елдеріміздің қарым-қатынасы достық сипатқа ие. Екі мемлекет халықаралық аренада, ең алдымен, БҰҰ аясында тығыз жұмыс істеп отыр.

Лаос мемлекеті біздің Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінде көтерген бастамаларымызды қолдады. Ол үшін ризашылығымызды білдіреміз. Бұл — Сіздің Қазақстанға жасаған алғашқы сапарыңыз. Осы сапардың нәтижесі бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға екі ел үкіметтері белсенді түрде кіріседі деп ойлаймын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Лаосты Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктесі деп санайтынын жеткізді. Сондай-ақ Лаос елінің экономикасы соңғы жылдары тұрақты өсіп келе жатқанына, әсіресе энергетика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және туризм салалары бойынша

зор нәтижеге қол жеткізгеніне назар аударды.

Тхонглун Сисулит достас қазақ еліне арнайы сапармен келуге шақырғаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

— Президент мырза, сапар кезінде еліңіздің жан-жақты дамуына, Сіздің басшылығыңызбен ауқымды өзгерістер жүргізіліп жатқанына куә болдым. Қазақстанға Лаос Президенті ретінде ресми сапармен келіп, Сізбен жүздесу — мен үшін зор мәртебе. Бұл сапар екі-жақты қарым-қатынасымызға елеулі үлес қосатынына кәміл сенемін. Келіссөз барысында көптеген мәселені талқылап, өзара ынтымақтастықтың перспективалы бағыттарын айқындаймыз әрі алдағы ортақ жұмысты ақылдасамыз деп ойлаймын, — деді Лаос Президенті.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаевты қабылдады.



Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және ақпарат министрлігі қызметінің басым бағыттарын айқындап, ведомство алдына бірқатар нақты міндет қойды.

Мемлекет басшысы мәдениет пен креативті индустрияны одан әрі дамытуды, тарихи-мәдени мұраны сақтап, кеңінен насихаттау жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ Қазақстан мәдениетін халықаралық аренада дәріптеудің маңызын атап өтті.

Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелеріне ерекше назар аударылды. Президент отандық ақпарат кеңістігін жандандыруға, соның ішінде заң жобалау жұмысын заманауи цифрлық тәуекелдерді ескере отырып жетілдіруге күш салу қажет деп санайды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы қоғамдық келісімді нығайту жұмыстарын дәйекті түрде жалғастыру, жастардың жасампаз әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасау жөнінде міндет жүктеді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ МАҢЫЗЫНА МӘН БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыровты қабылдады.

Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев министрліктің негізгі міндеттерін айқындап, орман қорын қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыруды, ұлттық парктар инфрақұрылымын дамытуды, қалдықтарды өңдеу есебінен тұйық циклді экономика қалыптастыруды тапсырды.

Астана, Алматы және Шымкент қалаларында қалдықтарды энергетикалық көдеге жарататын зауыт салып, бұл істі басқа өңірлерде де жалғастыру келешегіне ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ экологиялық мәдениетті арттыру мен «Таза Қазақстан» бастамасын ары қарай тиімді іске асырудың маңызына мән берілді.

ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасының Вице-Президенті Ерлан Қарин Құрылтайдағы саяси партиялардың фракция жетекшілерімен кездесу өткізді.

Жиынға «Әділет» партиясы фракциясының жетекшісі Ербол Адаев, «Ауыл» партиясы фракциясының жетекшісі Қайрат Айтуғанов, Respublica партиясы фракциясының жетекшісі Айдарбек Қожаназаров, «Ақ жол» партиясы фракциясының жетекшісі Дания Еспаева, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы фракциясының жетекшісі Асхат Рахымжанов, сондай-ақ Президенттің Құрылтайдағы

Өкілдігінің басшысы Мұрат Қайырбек қатысты.

Ерлан Қарин, ең алдымен, Құрылтайдың құрамы жаңа тұлғалармен толығып, өз ісін жетік білетін кәсіби мамандардан, сондай-ақ экономика секторлары мен қоғамдағы түрлі сала өкілдерінен құралғанын айтты.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайдың алғашқы сессиясының ашылу салтанатында сөйлеген



сөзінде заңнамалық жұмыстардың негізгі бағыттарын айқындап, басымдыққа ие бірқатар заң жобасын атап өтті. Сондай-ақ

Президент жақында Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялайтынын мәлімдеді. Көріп отырғандай, күн тәртібі өте ты-

ғыз әрі үлкен саяси оқиғаларға толы. Сондай-ақ өткен үгіт-насихат науқаны барысында сайлаушылар тарапынан көтерілген мәселелерді бірлесе зерделеп, талдауға мүдделіміз. Сондықтан мазмұнды әрі тұрақты диалогты одан әрі жалғастыру керек. Біз ортақ мақсаттар мен міндеттерді іске асыру бойынша ашық әрі сындарлы ынтымақтастыққа, бірлескен жұмысқа дайынбыз, — деді Ерлан Қарин.

Фракция жетекшілері Президенттің жекелеген бастамалары мен саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларын заңнамалық тұрғыда іске асыру жөніндегі жоспарларын бөлісіп, алдағы уақытта өзара тиімді ықпалдастық орнатуға сенім білдірді.

АҚОРДА

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ЕКІ ЕЛ БАЙЛАНЫСЫН ДАМУҒА БЕРІК НЕГІЗ

(Басы 1-бетте)

КӨЛІК-ЛОГИСТИКА
САЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тхонглун Сисулит кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Делегация мүшелерінің қатысуымен өткен келіссөз барысында Қазақстан мен Лаос президенттері екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың даму перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысы Лаос Халық Демократиялық Республикасы Президентінің елімізге жасаған алғашқы ресми сапары екіжақты байланыстарды нығайтуға тың серпін беретінін жеткізді. Сондай-ақ Қазақстан Лаосты Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маңызды серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

— Біз Қазақстан мен Лаос арасындағы сауда-экономикалық ықпалдастықты одан әрі дамытуға ниеттіміз. Бұл қарым-қатынасымызды нығайта түсуге берік негіз болады деп ойлаймыз. Лаос нарығына жеткізілетін қазақстандық тауар көлемін кеңейтудің мүмкіндігі мол екенін көріп отырмыз. Ең алдымен, металл, тағам, мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы, химия өнеркәсібі, машина жасау және фармацевтика өнімдерін тасымалдай аламыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы екі елдің көлік-логистика саласындағы ықпалдастығына назар аударып, Лаостың бұл бағыттағы табысын жоғары бағалады.

— Қазақстан Орталық Азияда тоғыз жолдың торабында орналасқан. Қытай мен Еуропаны жалғайтын Транскаспий халықаралық көлік бағдарын белсенді түрде дамытып келеді. Қытай мен Еуропа арасындағы құрлық жолымен тасымалданатын жүк-



тің 85 пайызы еліміз арқылы өтеді. Грузияның Батуми және ҚХР-дың Ляньюньган порттарында қазақстандық терминалдар жұмыс істейді. Біз Қытайдың Сиань қаласында Қазақстанның логистикалық хабын іске қостық. Осы платформаларды лаостық жүк тасымалдаушылар пайдалана алады. Лаос өнімдерін Орталық Азия мен Еуропаға біздің көлік дәліздері арқылы шығаруға болады. Қазақстан да Лаос арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияға тасымалдайтын өнім көлемін ұлғайтуға ниетті. Біз Лаостың теңізге шығатын жолы жоқ елден Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін байланыстырушы елге айналу жолындағы жетістіктерін жоғары бағалаймыз. Лаос — Қытай теміржолы елдің транзиттік әлеуетін күшейтіп, АСЕАН елдерін Қытаймен және Еуропамен жалғауға жол ашты. Осы орайда, үкіметтеріміз көлік-логистика саласы бойынша үкіметаралық және ведомстволарлық келісімдер бекітуді пысықтауы қажет, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Лаос компанияларын «Астана» ха-

лықаралық қаржы орталығының жеңілдіктерін барынша пайдалануға шақырды.

— АХҚО бизнес ашу мен инвестиция тартудың халықаралық алаңына айналды. Онда әлемнің 90-нан аса елінен келген 6300-ден астам компания тіркелген. АХҚО платформасы арқылы Қазақстанға 27 миллиард доллар инвестиция тартылды. АХҚО Лаос компаниялары үшін Қазақстан нарығына шығатын әрі Орталық Азиядағы қызметін кеңейтетін тиімді құрал бола алады, — деді ол.

МӘДЕНИТ ПЕН ТУРИЗМ
НАЗАРДАН ТЫС
ҚАЛМАДЫ

Әңгімелесу кезінде мәдени-гуманитарлық және туризм салаларындағы ықпалдастық перспективасына ерекше назар аударылды. Екі елдің жоғары оқу орындары арасында тығыз байланыс орнатудың, академиялық алмасу мен бірлесе кадр даярлау аясын кеңейтудің, сұранысқа ие лаостық мамандарды Қазақстанда оқытудың әлеуеті зор.

Лаос Президенті Тхонглун Сисулит Қазақстанға сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытудың маңызды кезеңі екенін атап өтті.

— Мен Қазақстанды Орталық Азиядағы Лаоспен әрдайым ізгі әрі орнықты қарым-қатынас жасаған елдердің бірі ретінде қарастырамын. Қазақстан Лаосқа ұлт-азаттық күрес кезінен бері көмек қолын созып, бүгінге дейін қолдау көрсетіп келеді. Әлемдегі ахуал сан мәрте өзгерсе де, Қазақстан мен Лаостың қарым-қатынасы, бауырластық байланыстары және бір-біріне тілеулестігі мүлде өзгерген емес. Бүгінгі сапар екі ел арасындағы достық байланыстарды одан әрі нығайтуға және кеңейтуге ықпал етеді, — деді Лаос Президенті.

Тхонглун Сисулит Қазақстан Лаосқа мамандар даярлауға көмек көрсететініне баса мән берді.

— Лаостың жүздеген азаматы Қазақстандағы оқу орындарында білім алды. Бүгінде олардың көбі мемлекеттік қызметте, кәсіпкерлікте, орталық және жергілікті деңгейде басшылық қызмет

атқарады. Отандастарым студенттік жылдарда көмектесіп, қолдау көрсеткені үшін қазақстандықтарды жылылықпен еске алады. Олар қазақстандықтарды Лаоста қарсы алуға да, кездескен жерде ризашылығын білдіруге де дайын екені сөзсіз, — деді Лаос Президенті.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тхонглун Сисулит екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге қос елдің де мүдделі екенін растайтын Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Мемлекет басшыларының қатысуымен бірнеше үкіметаралық құжаттарға қол қойылды. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы мен Лаос Халық Демократиялық Республикасы Сыртқы істер министрліктері арасында саяси консультациялар туралы өзара түсіністік жөніндегі меморандум; Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Лаос Халық Демократиялық Республикасы Жоғарғы халық прокуратурасы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен Лаос Халық Демократиялық Республикасы Ғылым және технологиялар министрлігі арасындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және электрондық мемлекеттік қызметтер саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік жөніндегі меморандум; Астана мен Вьентьян қалалары арасында бауырластық байланыстар орнату туралы меморандум бар.

Келіссөздердің келесі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапары аяқталған Лаос Президенті Тхонглун Сисулитті елорда әуежайынан шығарып салды.

М.ТӨЛЕУ

ӨНЕРГЕ ҚАДАМ БАСҚАНДАР ҚАТАРЫ АРТТЫ

Жаңа оқу жылында мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдарына 3 662 оқушы мен студент қабылданды. Бұл былтырғы көрсеткіштен 10%-ға көп. Сонымен қатар мамандар даярлау бағыттары кеңейіп, Солтүстік Қазақстан облысында ашылған Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің жаңа өкілдігіне қосымша гранттар бөлінді.

Биыл шығармашылық білім беру ұйымдарында екі жаңа білім беру бағдарламасы ашылды. Қазақ ұлттық өнер университетінде алғаш рет «Инклюзивті театр әртісі» бағдарламасы бойынша талапкерлер қабылданып, Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінде эстрада

жанрының әртістерін даярлау басталды.

«Инклюзивті театр әртісі» бағдарламасына Астана қаласының әкімдігі 26 грант бөлді. Ал эстрада-цирк колледжіндегі жаңа білім беру бағдарламасына 13 оқушы қабылданды.

Өңірлерде де шығармашылық білім алу мүмкіндігі артып

келеді. Солтүстік Қазақстан облысында Қазақ ұлттық өнер университеті өкілдігінің ашылуына байланысты мемлекеттік тапсырыс бойынша 100 грант бөлінді.

Жаңа оқу жылындағы қабилдау қорытындысы бойынша талапкерлер режиссура, театр және музыка өнері бағыттарын көбірек тандаған. Сондай-ақ арт-менеджмент, өнертану, дизайн, аудиовизуалды өндіріс, кино және телевизия, сценография мамандықтарына сұраныс жоғары екені анықталды.

Мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 1747 грант бөлінді. Гранттар бакалавриат, магистратура, докторантура, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын қамтиды.



Қазір мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйым-

дарында 11 мыңнан астам адам білім алып жүр. Төрт жоғары оқу орны мен жеті колледжде 223 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады.

БАҒДАР

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

3 қыркүйек – Тазы және төбет күніне орай «Әділет» партиясы Абай облыстық филиалының өкілдері Семей қаласында ұлттық құндылықтарды дәріптеп жүрген Сералы Құсманның шаңырағына арнайы барып, қазақы тәрбие, ұлттық дүниетаным және тазының халқымыздың өміріндегі орны жайында әңгімелесті. Кездесудің төрінде отырған басты кейіпкер – Тауман есімді тазы.

А Эльмира
ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

Тауман бұл шаңыраққа кездейсоқ келген. 22 наурыз күні босағадан аттаған тазы содан бері үйдің төрінен орын алған. Бүгінде бес қар басқан Тауман аңшылық иті ғана емес, отбасының бір мүшесіне айналған.

– 22 наурыз күні босағама келіп отырды. Содан бастап өзінің орны бар – төрде. Ақылына таңғаламын. Бүркіт екеуі қатар келген кезде бүркітке жол береді. Мұны ешкім үйреткен жоқ. Өзі біледі, – дейді Сералы Құсман.

Қазақы түсінікте төр – шаңырақтағы ең қадірлі орын. Төрге үлкен кісі, сыйлы қонақ отырғызылады. Сондықтан Тауманның төрден орын алуы жай ғана үй жануарына көрсетілген ықылас емес, халқымыздың тазыға деген дәстүрлі құрметінің бүгінгі өмірдегі жалғасы іспетті.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА

Сералы Құсман тазының қазақ тарихындағы орнын жақсы біледі. Оның айтуынша, ата-бабамыз тазыны тек саятшылық үшін ұстамаған. Қиын-қыстау кезеңдерде оның адамға азық табуға көмектескені де тарихтан белгілі.

– Қазақ тазыны бекерден-бекер төрге шығармаған. Тазы да, бүркіт те – елдің күнкөрісіне көмектескен серігі. Ашаршылық жылдарында аң аулап, тұтас ауылды асыраған тазы болған. Сондықтан оның қазақ үшін орны бөлек, – дейді ол.

Тауманның аты да оның болмысына сай қойылған. «Тауман» – «тау адамы» деген мағынаны білдіреді. Қайсарлық пен төзімділікті меңзейтін бұл есім бес қысты өткерген жүйрікке жарасып-ақ тұр. Қазір ол Сералы Құсманның шаңырағында екінші қысын қарсы алғалы отыр.

Тазының үйдегі орны да ерекше. Иесінің айтуынша, Тауман ұйықтайтын кезде тіпті онымен бір төсекке таласып қалатын көрінеді. Бұл – оның үй жануары



шенберінен шығып, отбасының толыққанды мүшесіне айналғанының бір белгісі.

Алайда бұл шаңырақтағы ұлттық құндылық тек тазыға деген құрметпен шектелмейді. Сералы Құсман он жылдан астам уақыттан

бері Семейдегі «Сак» моншасын дамытып, оны ұлттық дәстүр мен тәрбиені насихаттайтын ортаға айналдыруға күш салып келеді. Мұнда еліміздің әр өңірінен келген қонақтармен қатар Еуропа мен Қытайдан келетін меймандар да бар.

Оның пайымынша, ұлттық идеологияны қалыптастыру үшін міндетті түрде үлкен мінберлер мен ұрандардың қажеті жоқ. Ұлттық тәрбие ең алдымен адамның күнделікті өмірінен көрінуі керек. Үлкенді сыйлау, салт-дәстүрді құрметтеу, табиғатқа жанашырлық таныту, жан-жануарға қамқор болу, кейінгі ұрпаққа қазақы

да айқын көрініс тапқан. Тазыны төрге шығару – жануарды адамнан жоғары қою емес, оның халық өміріндегі еңбегін, табиғи қасиетін бағалау. Атадан балаға жеткен осындай түсінік ұрпақ санасында ұлттық болмыстың қалыптасуына ықпал етеді.

Қазір қазақтың тазысы ұлттық мұра ретінде қайта жаңғырып, оған деген қызығушылық артып келеді. Бұл ретте тазыны тек сыртқы сымбатымен немесе аңшылық қабілетімен бағалау аздық етеді. Оның артында халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, саятшылық мәдениеті, табиғатпен үйлесімді өмір сүру дәстүрі тұр.

Ұлттық мұраны сақтау – мұзайдағы жәдігерді қорғаумен ғана өлшенбейді. Ол күнделікті өмірде жалғасқанда ғана өміршең болады. Сералы Құсманның шаңырағындағы Тауманның төрде жатуы да осының қарапайым әрі әсерлі мысалы.

Ұлттық құндылықты ұлықтау бағытында «Әділет» партиясы да тарихи-мәдени мұраны сақтау, ұлттық тәрбиені күшейту және жас ұрпаққа ата дәстүрді жеткізу мәселелеріне мән беріп келеді. Партия ұстанымындағы Әділет, Патриотизм, Жауапкершілік және Еңбек қағидаттары ұлттық құндылықтарды сөзбен ғана емес, нақты іспен дәріптеудің маңызын айқындайды.

Ал Тауманның тағдыры – соның бір көрінісі. Наурыздың ақ танында босағадан аттап, төрден орын алған тазы бүгінде бір шаңырақтың ғана емес, қазақтың жануарға деген ықыласы мен ұлттық дүниетанымның өзіндік символына айналғандай.

Төрде жатқан Тауманға қарап отырып, халқымыздың «Ит – жеті қазынаның бірі» деген сөзінің мәнін қайта түсінгендей боласыз. Өйткені тазының қадірі – қазақпен бірге жасасып келе жатқан тарихында.

ТӨЛ ӨНЕРДІ ТҮЛЕТКЕН

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

«Әділет» партиясы Жамбыл облыстық филиалының өкілдері ұлттық құндылықтарды ұлықтау мақсатында Өрнек ауылындағы Бауыржан атаның шаңырағына арнайы барып, атадан балаға жалғасып келе жатқан тазы баптау дәстүрі жайында әңгімелесті.

Бауыржан атаның бұл өнермен айналысып келе жатқанына 70 жылға жуық уақыт болыпты. Алғаш рет тазыны қолына алып, оның бабын тануды 6-сыныпта оқып жүрген кезінде әкесінен үйренген. Әкесі оған тазыны қалай жүгірту керектігін, аңға қалай салатынын, құс салып, саятшылық құрудың жөн-жосығын көрсеткен. Бала Бауыржан үлкендердің сонынан еріп жүріп үйренгенін кейін өмірлік серігіне айналдырған.

Оның айтуынша, аңға шығу қараша айынан басталады. Тазының да өз бабын келтіріп, үнемі жүгіртіп отыру керек. Ал үйдегі Ұшар мен Аққұстың аңшылыққа деген ынтасы ерекше.

Қазақ дәстүрінде бабадан балаға жеткен төл өнеріміз аз емес. Соның бірі – тазы жүгіртіп, саятшылық құру. Міне, осы төл өнерімізді ұмыт қалдырмай, ұрпақтан ұрпаққа аманаттап келе жатқан Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Өрнек ауылының тұрғыны Бауыржан Ешеевтің еңбегі көпке үлгі. Бүгінде ақсақалдың үйінде Ұшар мен Аққұс есімді екі тазы бар. Бірі – ақ, жарғақ құлақ болса, екіншісі – қара, шашақ құлақ. Екеуі де аңға деген желігі басылмаған жүйріктер.

«Екеуі де аң аулауға желіккен. Шығармай қойсаң, шапқылап, азық іздеп, аңсырап тұрады. Тазының табиғаты сондай. Далаға шығып, жүгіріп, аңға түскенде өзінің қасиетін көрсетеді», – дейді Бауыржан ата.

Ақсақал үшін тазы баптау – аңшылықтың ғана бір түрі емес. Оның артында тұтас бір ұлттық дүниетаным, атадан қалған өнеге жатыр. Сондықтан ол өзі білгенін

кейінгі ұрпаққа жеткізуді азаматтық парызы санайды.

«Қазақтың жеті қазынасын кастерлеу керек. Балаға үйретіп, аманат етуіміз қажет. Ұлттық құндылықты жоғалтпай, ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз. Мен әкемнен үйрендім, балаларымды үйреттім. Енді немерем Шерниязға үйретіп жүрмін», – дейді ол.

Шернияз атасының жанынан табылып, тазы баптаудың қыр-



сырын үйреніп жүрген жас саятшы. Ол үшін атасынан жеткен бұл дәстүр – өткеннің естелігі емес, жалғасын табуға тиіс төл өнер.

«Біз секілді жастар бабадан қалған осы төл өнерді жалғастырмасақ, бұл өнер өшіп қалмақ. Сондықтан ат үстінде әрдайым табылуға әзірмін. Тазы баптауға, оны дамытуға, тазы тұқымын көбейтуге атсалысып, осы өнерді одан әрі дамытуды мақсат етіп

отырмын. Атамнан үйренгенімді келешекте өзімнен кейінгі ұрпаққа жеткізгім келеді», – дейді Шернияз.

Қазақ үшін тазының орны қашанда бөлек. Ол – жеті қазына-ның бірі ғана емес, дала тіршілігінде талай ғасыр бойы адамға серік болған, аңшылық мәдениетімен біте қайнасқан төл мұра. Өрнектегі Бауыржан атаның шаңырағында осы мұраның жібі үзілмей келеді. Кезінде әкесінің қасынан табылып, тазы баптаудың алғашқы сабақтарын алған Бауыржан ата бүгінде сол білгенін немересіне үйретіп отыр.

Атаның тәжірибесі мен немеренің ниеті тоғысқан жерде дәстүрдің де ғұмыры ұзарады. Себебі ұлттық өнердің сақталуы – оның бір адамның қолында қалуымен емес, кейінгі ұрпаққа аманат етілуімен өлшенеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Бауыржан ата мен Шернияздың тағылымы – тазы баптаудың ғана емес, атадан балаға жалғасқан ұлттық тәрбиенің де көрінісі.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи-мәдени мұраны сақтау және оны жас ұрпаққа жеткізу – «Әділет» партиясының негізгі бағыттарының бірі. Ал бұл шаңырақтың жетпіс жылға жуық тарихы бар тазы баптау дәстүрі – құндылықтардың нақты көрінісі.

РЕФОРМА

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

БАҚУАТТЫ БОЛАШАҚҚА

Заманауи озық мемлекеттің жарқын болашағының нық ұстыны – саналы ұрпақ, сапалы білім және санды технология екені сөзсіз. Бүгінде Қазақстанда адами капиталды дамыту мемлекеттің басты стратегиялық басымдығына айналды. Еліміздің жаңа Конституциясының кіріспесінде адами капиталды дамыту, білім беру, ғылым және инновация өркендеудің темірқазығы ретінде бекітілді. Ал Президент былтырғы Жолдауында жүктелген ауқымды міндеттер бұл игі бастамаларды нақты іске асырудың тиімді тетіктерін айқындап, жаңа дәуірдегі өркениет көшіне жол ашты.

А Айхан ШӘРІП

АДАМ КАПИТАЛЫ – АҚЫЛ ДӘУІРІНІҢ ҚАЗЫҒЫ

Қазақстанда ерте жастан білім мен тәрбие беруден бастап есейгенде кәсіптік даярлауға, ғылымға бейімдеуге, цифрлық құзыреттілігін дамытуға және еңбек нарығында лайықты орнын табуына жәрдемдесуге дейінгі үдерістерді қамтитын адам капиталының жаңа моделі қалыптасып келеді. Соңғы жылдары елімізде 1,1 мың жаңа мектеп пайдалануға берілді. Кейінгі 5 жылда колледждердегі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы шәкірттер саны 13,7%-ға дейін артып, 562 мың адамды құрады. Ал жоғары оқу орындарында 724 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Сонымен қатар білім беру жүйесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары енгізіліп, университеттердің өндіріспен байланысы күшейтіліп, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру үшін жағдай жасалып отыр.

Үкімет бұл бағыттағы жұмысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты былтырғы Жолдауына сәйкес жүзеге асырып келеді. Президент бұл құжатта білім беруді, ғылымды дамытуды, халықты еңбекпен қамтуды және азаматтардың өз әлеуетін толыққанды жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктер жасауды елімізді одан ары дамытудың маңызды шарты ретінде белгіледі. Осы орайда әр саладағы шаралар кешені мен шешуші міндеттер жалпыұлттық іс-шаралар жоспарында бекітілген. Үкіметтің дерегіне, оның кейбірі толығымен аяқталды, қалғандары қарқынды және қатаң белгіленген мерзімде орындала бермек.

Жолдауды жүзеге асыру аясында білім беру саласында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамалары тегіс жаңартылды. Жұмысшы мамандықтардың және жастардың кәсіби дағдыларының беделін арттыру, WorldSkills стандарттарын қолдану, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жоғары біліммен сабақтастыру және білім беру-өндірістік кластерлерді дамыту ісі қолға алынды.

БІЛІМ ЖАНАРСА, ЕЛ ДЕ ЖАНАРАДЫ

Мектеп – ұлттың ертенгі әлеуетін өлшейтін таразы. Мектебіне қарап елдің ертенгі ахуалын тануға болады. Бүгінгі бала қандай білім алады, не ойлайды, технологияны қалай меңгереді – келешектегі Қазақстанның келбеті де соған тәуелді. Президент Жолдауында білім, ғылым, ЖИ мәселесінің бір арнаға тоғысуы, қатар қойылуы кездейсоқ емес. Бұл – заманның талабынан туған стратегиялық тандау, мемлекеттің болашақ бейнесін айқындайтын тарихи бағдар.

2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында Президент экономиканы жан-жақты цифрлық жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейтінін қадап айтты.

– Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жоспарланған 217 мектеп-

тің 150-і қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр. Қалған мектептердің құрылысы алдағы үш ай ішінде аяқталуға тиіс, – деп тапсырды Президент. Бұл тапсырма толық орындалған екен.

Елдің демографиялық өрлеуі де білім жүйесіне жаңа міндет жүктеп отыр. Бүгінде Қазақстанда 14 пен 35 жас аралығындағы 6,1 млн жас азамат бар. Бұл – ел халқының 28%-дан астамы. 2026–2027 оқу жылында 8 мыңнан астам мектепте 4,1 млн бала білім алады. Оның ішінде 380 мыңнан аса бүлдіршін мектеп табалдырығын алғаш аттаған. Халық санының өсуі білім беру инфрақұрылымын одан ары өрістетуді талап етеді. Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Ақпарова соңғы бес жылда 1 миллионнан астам оқушы орнына арналған 1 120 мектеп салынғанын, бұл тәуелсіздік жылдарында бой көтерген барлық мектептің 34%-ын құрайтынын айтты. Салыстырар болсақ, 1991 жылдан бері жалпы 3 200 мектеп іске қосылыпты.

– Президент тапсырмасымен жүзеге асқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасының салмағы да осында. Оның аясында үш жылда 460 мың оқушыға арналған 217 жаңа форматтағы мектеп бой көтерді. 2024 жылы – 105, 2025 жылы 112 мектеп пайдалануға берілді. Нәтижесінде, 54 үш ауысымды, 12 апатты мектептің мәселесі толық шешілді. Соңғы бес жылда оқушы орындарының тапшылығы 4 еседен астам, яғни 1 миллионнан 245 мыңға дейін қысқарды, – деді министрлік өкілі.

Бірақ «Келешек мектебінің» мәні жаңа қабырға мен терезеде емес. Оның ерекшелігі – білім беру ортасының даралығында. Бұл мектептердің ауданы бұрынғы типтік жобалардан орта есеппен 15-20%-ға үлкен. Ал техникалық жабдықталу деңгейі 4 еседен астам жоғары. Онда заманауи физика, химия, биология зертханалары, компьютерлік сыныптар қарастырылған. Шығармашылық әлеует пен кәсіби дағдыларды дамыту үшін STEM-зертханалар, робототехника кабинеттері, студиялар, спорт және хореография залдары жасақталған. Мектептердегі кеңістіктер оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастырылған: бастауыш пен жоғары сынып оқушылары мидай араласпай, бөлек блоктарда білім алады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз орта жасалған. Демек, келешек мектептері балаға тек сабақ оқытатын ғимарат емес, оның қабілетін байқап, қызығушылығын оятып, дарынын ұштап, кәсіби бағдарын ерте қалыптастыратын алаңға айналмақ.

Президент Жолдауын жүзеге асыру шеңберінде елде оқу жоспарлары жаңартылып, оқушылардың білімін бағалау тәсілдері жетілдірілуі үстінде. Орта білім беру жүйесіне ЖИ технологияларын енгізу жұмыстары қолға алынды. Білім беру нысандарын салу және жаңғырту жұмыстары жаңа қарқын алды. 2026 жылғы 1 қыркүйекте 62 мың оқушы орнына арналған 57 жаңа орта білім ошағы, оның ішінде 20-дан аса «Келешек мектептері» пайдалануға берілді. Жаңа мектептердің ең көбі Алматыда, Батыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды, Ақтөбе және Түркістан облыстарында ашылды.

Бұл ретте өңірлер 2026 жылдың соңына дейін тағы 64 мектептің құрылысын аяқтауы



Елнар ҚАБА (қолжазба)

қажет. Әкімдіктерге оларды педагог мамандармен және оқу-техникалық базамен қамту мәселелерін шешу жүктелді. Бұдан бөлек, аймақ басшылары биыл физика, химия, биология, робототехника бойынша 500 пәндік кабинетті сатып алуды қамтамасыз етуі қажет. Жалпы, жыл соңына дейін ел мектептерінде барлығы 1400-ден астам арнайы кабинет жабдықталуы керек.

Жалпы, соңғы бес жылда 5 026 мектеп жаңғыртылып, 4,5 мыңға жуық мектеп 7 009 заманауи пәндік кабинетпен жабдықталды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасымен 1 300 мектепті реновациялау бағдарламасы басталды. Оқу-ағарту министрлігінің сендіруінше, білім беру инфрақұрылымының тапшылығын кезең-кезеңімен азайту және еліміздің барлық өңірінде балалардың білім алуына тең жағдай жасау бағытындағы жұмыс жалғасады.

АУЫЛДАҒЫ ІТ-МЕКТЕП

Бұл істен ауыл тыс қалған жоқ. Мемлекеттің қамқорлығы арқасында үлгілі мектептер ауылда да ашылып жатыр. Соның бір ұлағатты үлгісі – Ақмола облысының Қараөткел ауылындағы ІТ-мектеп десе болғандай. 1 200 оқушыға арналған білім ордасы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынды. Онда 60 оқу кабинеті, STEM-зертханасы, физика, химия және биология пәндеріне арналған мамандандырылған кабинеттер, ІТ-сынып, робототехника және хореография кабинеттері, сондай-ақ екі спорт залы бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ауылда да мектеп инфрақұрылымын дамыту, балалардың сапалы білім алуы үшін қауіпсіз әрі заманауи жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыс ілгеріледі. Мысалы, ел игілігіне тапсырылған 217 «Келешек мектептің» үштен бірі немесе 84-і ауылда орналасқан. Соның арқасында 130 мыңнан астам ауыл балалары заманауи және жайлы білім беру ортасына қол жеткізе алады.

– Қазақстанның 2,6 мың шағын жинақты мектебінде ЖИ технологиялары кезең-кезеңмен енгізіледі. 2026 жылғы 1 қыркүйекте Павлодар мен Қызылорда облыстарының 10 шағын жинақты мектебінде қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасы алшақтығын қысқартуға бағытталған, ЖИ технологияларын қолданатын пилоттық жоба іске қосылды, – деді Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова. 2029 жылға дейін жобаны барлық шағын жинақты білім ұйымына кезең-кезеңімен кеңейту жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы Жолдауда жас ұрпақтың ЖИ-мен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыруды ерте жастан бастау міндетін қойды.

– Бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына

арналған ЖИ негіздері бағдарламасы мен оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың ЖИ технологиясын меңгеру дағдысын қалыптастыру керек. Қашықтан оқыту тәсілі және ЖИ технологиясы негізінде Qazaq Digital Mektebi атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Ол ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтуға мүмкіндік береді, – деді Қ.Тоқаев.

Оқу-ағарту министрлігі мектеп пәндерінің мазмұнын ЖИ бағытында жаңартып жатыр. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары жаңартылды. 1-4-сыныптардағы «Цифрлық сауаттылық» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық және ЖИ», ал 5-11-сыныптардағы «Информатика» пәні «Информатика және ЖИ» болып өзгертілді. Бұл пәндердің мазмұнына ЖИ бойынша жаңа бөлімдер мен барлығы 43 оқу мақсаты енгізілді. Бүгінде оқушылар ЖИ құралдарын күнделікті өмірде қолданып жүр. Ендігі міндет – шәкірттерді бұл технологияны саналы, тиімді және жауапты қолдануға, оның көмегімен жобаларын әзірлеуге баулу.

ҰСТАЗДЫҢ ҚОЛЫН ЖИ ҰЗАРТТЫ

Жолдауда белгіленген маңызды міндеттің бірі – қала мен ауыл мектебі арасындағы цифрлық алшақтықты қысқарту. Осы мақсатта жекелеген пәндер мұғалімдерінің тапшылығын тартқан шағын жинақты мектептерге арналған Qazaq Digital Mektebi жобасы білім саласындағы технологиялық өзгеріс алаңына айналып келеді. Жоба аясында отандық Roqed AI, Kashgari, Stem-solutions, testter.kz секілді жасанды интеллект құралдары оқу үдерісіне енгізіліп жатыр.

Астанадағы №99, №101, №104, №107 мектептердің тәжірибесі ЖИ-дің мұғалімді алмастыру үшін емес, оның уақытын үнемдеу үшін қажет екенін паш етті: тапсырмаларды тексеру тиімділігі артып, педагог жүктемесі жеңілдеген. Ал ұстаз қағазбастылықтан арылған сайын баламен жұмысқа көбірек уақыт бөле алады. Жобаның өзегі – жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық пәндерді ЖИ көмегімен оқыту. Жаңа цифрлық шешім оқушыға ЖИ-ге сұрақ қоя отырып, материалды өз бетінше меңгеруге мүмкіндік береді.

– Біз қазір Qazaq Digital Mektebi жобасы аясында ЖИ саласындағы жобаларды сұрыптап жатырмыз. Сондықтан түрлі отандық озық платформа жасаушылардың ұсыныстарын қарастыруға дайынбыз. Жобалар Qazaq Digital Mektebi жобасының мазмұнын байытып, оқушыларды білімді пассивті тұтынушы емес, белсенді игерушіге айналдыруы керек, – деді министр Жұлдыз Сүлейменова.

Жоба қыркүйек айында 7 облыста пилоттық режимде іске қосылды. СҚО, БҚО,

РЕФОРМА

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

БАСТАР БАСПАЛДАҚ

ШКО, Қостанай, Ақмола, Павлодар және Ақтөбе облыстарындағы шағын жинақты мектептер қамтылды. Арнайы тұжырымдама бекітіліп, шалғай ауылдардағы шағын жинақты мектептердің техникалық жағдайы зерттелген. Жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, оларда ЖИ-ді қолдайтын заманауи құрылғылар мен сапалы цифрлық инфрақұрылымды орнату басталды. Бағдарламаның түпкі мақсаты — ауыл мектептеріне оқытуды басқарудың бірыңғай ұлттық платформасын енгізіп, оны бірегей цифрлық контентпен толықтыру. Бұл ауыл баласының бәсекеге қабілетті білім алуына, елдің адами капиталын күшейтуге жол ашады.

Цифрлық мектептің тірегі — цифрлық сауатты ұстаз. «Ұстаздардың ЖИ технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек!» — деп тапсырды Мемлекет басшысы өз Жолдауында. Оқу ағарту министрі Ж.Сүлейменованың айтуынша, осы мақсатта педагогтер үшін білім беру процесінде ЖИ-ді тиімді және қауіпсіз қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленіп жатыр.

2025 жылы «Өрлеу» платформасында 240 мыңнан астам мұғалім арнайы курстардан өтсе, 2026 жылы ChatGPT Edu жобасы аясында тағы 200 мыңнан астам маман өздерінің ЖИ-ассистенттерін құруды үйренеді. Бұл бағдарламалар мектепке дейінгіден бастап, техникалық және кәсіптік білім беру деңгейлеріне дейін тегіс қамтиды. Бүгінде 350 мыңнан астам педагог оқу процесінде ЖИ-ді тиімді қолдану бойынша арнайы оқытудан өтіпті. Қазір мұғалімдер ЖИ-ді оқу процесінде белсенді қолданып, оқу контентін тиімді пайдаланып та жүр.

Заманауи инфрақұрылым мұғалімдердің тиісті дайындығын талап етеді. Осыған байланысты 2026 жылы 1,6 мыңнан астам педагог STEM-білім беру, жаратылыстану-ғылыми пәндер, роботты техника және цифрлық технологиялар бойынша НЗМ, РФММ және «Білім-инновация» лицейлері базасында тәжірибеге бағдарланған семинарлардан өтті. 5 мыңнан астам педагог «Өрлеу» БАҰО-мен бірлесіп пәндік даярлық, цифрлық технологиялар, ЖИ, инклюзивті білім беру, «Адал азамат» бағдарламасы бойынша оқытылған. Мұның бәрі мұғалімнің тың мүмкіндігі, оқушының жаңа еркіндігі, елдің адами капиталына салынған ұзақмерзімді инвестиция. Заманауи ұстаздың білігі артқан сайын болашақ ұрпақтың жолына құяр шуағы да артпақ.

ДАМУДЫҢ БАСТЫ КІЛТІ — ҒЫЛЫМДА

Білім экономикасына бет алған ел үшін ең қымбат ресурс — тек табиғи байлық емес, ақылды адам. Ғылымға салынған қаржы, жасанды зердені жұмысқа жеккен жас, өндірістің нақты түйтікілін шешкен зерттеуші — бәрі бір арнаға тоғысқанда ғана адами капитал экономикалық қуатқа айналады. Өз Жолдауында Мемлекет басшысы Қазақстанның «білім экономикасына көшіп жатқанына», сондықтан ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды екеніне екпін түсірді. Бұдан былай ғылымның құны дипломымен емес, жаңа технологияға, ғылыми жаңалыққа, өндірістік жетістікке ықпал етуімен өлшенбек.

— Ғылым саласында әлі де мемлекеттің үлесі басым. Бірақ бюджет қаржысының қайтарымы әлі де шамалы болып тұр. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістер сияқты көзге көрінетін нақты нәтиже жеткілікті емес. Инновациялық саясатты Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырына берген жөн. Сонымен қатар Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс. Өйткені білікті, саналы адамдар — ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі, — деді К.Тоқаев.

Бұл тұрғыда ғылымды қаржылық қолдау күшейтілді: ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығын

2023 жылғы 121,5 млрд теңгеден 2026 жылы 260 млрд теңгеге дейін, яғни екі еседен астам өсті. 2025 жылы ҒЗТҚЖ-ға қатысатын мамандар саны 28 374 адамға жетті. Бұл 4 жыл бұрынғыдан әлдеқайда көп. Ғылыми қауымдастықтың жартысына жуығы — жас ғалымдар.

Бірақ қаржы мен кадрдың көптігі басты жетістік емес. Нәтиже — зертханада туған жаңалықтың зауытқа жетуі. Ғылыми әзірлемелердің үштен бірінен астамы коммерцияландыру кезеңіне өткен. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің ел дамуына қосқан жиынтық үлесі 142 млрд теңгеге бағаланады. Ғылыми зерттеулер мен инновацияларға 28,2 млрд теңге жеке инвестиция тартылған. 2025 жылы 1 200-ден астам зерттеу аяқталған. Биыл 241 инновациялық жоба жүзеге асырылу үстінде, оның 30-дан астамы халықаралық нарыққа шық-



ты. Университеттерде энергетика, медицина, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қаржы секторы үшін ЖИ арқылы қолданбалы шешімдер әзірлейтін командалар құрылып жатыр. Әзірлемелердің бір бөлігі өнімін экспортқа шығара бастады.

ЖИ УНИВЕРСИТЕТІ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

Осы өзгерістердің ең бір пәрменді қозғаушы күші — жасанды интеллект. Ол енді білім беру мен ғылыми зерттеудің жаңа архитектурасына айналып келеді. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәліметінше, биыл Қазақстанда тұңғыш Қазақ ЖИ зерттеу университеті — QAIRU жұмысын бастады.

Мұнда білім беру процесі кіріктірілген ЖИ алгоритмдерін пайдалануға құрылған. Бакалавриатқа 400 студент қабылданады, оның 308-і мемлекеттік грантпен оқымақ. Магистратураға Astana Hub, Alageum гранттары және ақылы негізде 100 адам қабылданады. Жалпы жоспарланған білім алушылар саны — шамамен 600 адам. Онда ЖИ жеке пән ретінде шектелмейді, бүкіл білім алу тәсілінің өзегіне айналады. Мұндай сынақ университеттер АҚШ, Қытай және БАӘ-де ашылған. Жаңа ЖОО-ның ресми таныстырылымы осы жылдың қазан айына жоспарланыпты.

Әрине, елдегі ЖИ сауаттылық бір университетпен шектелмейді. AI-Sana бағдарламасы аясында 700 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласындағы базалық білімді растайтын сертификат алды. Бағдарламаға 106 университет қатысады. Студенттер 450-ге жуық ЖИ-агент әзірлеп, қолданысқа енгізді. Университет командаларының 980 қатысушысы осы жұмысқа тартылды. Бұдан бөлек, 60 мыңнан астам студент кәсіпкерлік қызметте ЖИ пайдалану курстарынан өтті.

Халықаралық цифрлық білімге қолжетімділік те кеңейді. 95 қазақстандық ЖОО Coursera жобасына қатысып, олардың

студенттері 260 мыңнан астам сертификат алды. Мәселен, соңғы үш жылда автомобиль өнеркәсібіне қатысты 80-нен астам онлайн курс бойынша 3 мыңнан астам сертификаттың алынуы еңбек нарығы мен білім арасындағы жаңа көпірдің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Ең маңыздысы, ЖИ өндіріс алаңына шықты. Соның бір мысалы — Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті студенттерінің Allug компаниясымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан NOVA—Allug жобасы. Жоба аясында автомобильдердің лак-бояу жабынындағы ақауларды автоматты анықтайтын ЖИ жүйесі әзірленді. Министрлік осы тәжірибені өзге ЖОО-ларға кеңінен таратуға ниетті.

Astana Motors компаниясының 6 инженер-маманы Сәтбаев университетінің докторанттары ретінде жеңіл автомобильдерді

жасқа дейінгі 800-дей жас ғалымға тегін пәтер берілген.

Бұған қоса, ғылыми жетістіктерді ынталандыру тетіктері кеңейтілді: жыл сайынғы сипаты қомақты «Үздік жас ғалым» сыйлығы тағайындалды. Гранттық бағдарламалар мен ғылыми конкурстар арқылы талантты зерттеушілерді қолдау жалғасты. Бұл шаралар елдің ғылыми әлеуетін сақтауға, жастар үшін ғылымды тартымды етуге, жаңа зерттеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

ЕҢБЕК АДАМЫ ЕЛЕНГЕН ШАҚ

Еліміздегі әрбір еңбек жолы, әрбір еңбеккердің төл табыс тарихы — мемлекеттің жарқын келешегінің іргетасы. Президент 2025 жылғы 5 қыркүйектегі Жолдауында: «Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл — мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі!» — деді.

Осы міндеттің үдесінен шығу үшін 2029 жылға қарай Қазақстанда сапалы жұмыс орындарының санын 3,8 миллионнан асыру, ал оның жалпы жұмыспен қамтудағы үлесін 45%-ға дейін арттыру жоспарланған. 2024 жылы сапалы жұмыс орындарымен 2 млн 473 мың адам қамтылса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 2 млн 885 мың адамға жетті. 2026 жылы 3 млн 85 мың сапалы жұмыс орнын қамтамасыз ету жоспарланған. «Сапалы жұмыс орындарына» жылына кемінде 6 ай тұрақты жұмыспен қамтитын, жалақысы өңірдегі медианалық жалақы деңгейінен төмен емес, қауіпсіз еңбек жағдайлары мен әлеуметтік қорғау тетіктері қарастырылған жұмыс орындары жатады.

Тұтастай алғанда, Еңбекминінің дерегінше, Өңірлік жұмыспен қамту карталары аясында тамыздағы жағдай бойынша елімізде 388 512 адам жұмысқа орналасты. 2026 жылы жалпы 544 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. Бұл ретте азаматтарды тұрақты жұмыспен қамтуға басымдық беріліп отыр. Жыл басынан бері 293 241 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Яғни биыл жұмыс тапқанның басым бөлігі ұзақмерзімді еңбекпен қамтылды. Тұрақты қызмет азаматтың табысын өсіріп, ертеңіне сенімді болуына жағдай жасайды.

Жұмысқа орналасуға көмектесетін цифрлық қызметтердің ілгерілеуі де бұл бағыттағы жұмысқа оң әсер етіп отыр. Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс іздеушілер бос жұмыс орындары туралы ақпарат алып, өзіне қолайлы жұмысқа өтініш бере алады. Жұмыс берушілер де қажетті қызметкерді іздей алады.

ЖИ технологиялары арқылы азаматтарды жұмыс іздеуден жұмысқа орналасқанға дейін сүйемелдейтін «Цифрлық жұмыспен қамту қызметі» Павлодар және Манғыстау облыстарында енгізіле бастады. Жүйе тіркелген және тіркелмеген жұмыссыз азаматтарды, NEET санатындағы жастарды да қамтиды. Әр азамат үшін автоматты түрде жеке іс-қимыл жоспары түзіледі. Бос жұмыс орындары адамның кәсіби бейіні мен мүмкіндіктеріне қарай іріктеледі. Ұсыныстар барлық облыстағы жұмыс орнын, қоныс аудару бағдарламасы аясындағы мүмкіндіктерді, ірі кәсіпорындардағы бос орындарды ескереді.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда адам капиталын дамыту — тек қана диплом алу немесе жұмыс табу емес, бұл білім мен ғылымды өмір бойы серік етіп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, инновацияның тізгінін берік ұстап, кез келген кәсіпті жан-тәнімен сүйіп атқарып, әрбір істе биік белеске жетудің біртұтас жолы. Осындай адал іс, әділ жол арқасында ел экономикасының тұрақты өсімі нығайып, технологиялық жаңару жеделдеп, жаңа инфрақұрылымдар өркен жаяды. Мұның бәрінің түпкі төркіні мен басты мұраты — әрбір азаматтың тұрмыс сапасын жаңа биікке көтеріп, ертеңгі күнге деген сенімін нығайту.

НАРЫҚ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Біреуге қарыз қайтару, туысыңа ақша жіберу, ортақ дастарқанға қаржы жинау немесе пайдаланылмай тұрған жеке затты сату үшін мобильді аударымдар жасау күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Қолма-қол ақша біртіндеп айналымнан шығып, тіпті шағын тұрмыстық есеп айырысудың өзі банк қосымшалары арқылы жүзеге асатын күнге жеттік.

А Кәмила
ДҮЙСЕН

Алайда цифрлық төлемдердің ыңғайлылығымен бірге қоғамда алаңдаушылық та пайда болды. Мемлекеттік кірістер комитетінің Smart Data Finance аналитикалық платформасы іске қосылғаннан кейін көпшілік салық органдары картаға түскен әрбір аударымды бақылап, кез келген түсім үшін салық талап ете бастайды деп қауіптенді.

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер және салық кеңесшісі Раушан Тасшоинованың айтуынша, салықтық бақылаудың техникалық мүмкіндіктері расында кеңейген. Бірақ банк картасына түскен ақшаның барлығы бірдей табыс емес. Тиісінше, әрбір аударым автоматты түрде тексеруге немесе салық есептеуге негіз бола алмайды.

Мәселенің түйіні ақшаның картаға түскенінде емес, оның қандай мақсатпен және қаншалықты жүйелі түрде аударылғанында жатыр. Бір реттік тұрмыстық аударым мен тауар немесе қызмет үшін тұрақты қабылданып тұрған төлемнің экономикалық сипаты екі бөлек.

Азаматтың картасына досы бұрын алған қарызын қайтаруы мүмкін. Ата-анасы баласына немесе баласы ата-анасына материалдық көмек жібере алады. Отбасы мүшелері күнделікті шығындарды өзара бөліседі. Біреу өзіне қажет болмай қалған жиһазын, тұрмыстық техникасын немесе басқа жеке мүлкін сатуы ықтимал. Осындай жағдайларда картаға қаражат түскенімен, оның бәрін кәсіпкерлік қызметтен алынған кіріс деуге болмайды.

— Картаға түскен әрбір аударымды салық салынатын табыс деп қабылдау дұрыс емес. Қаражат қарызды қайтару, сыйлық беру немесе туыстық көмек көрсету мақсатында аударылуы мүмкін. Отбасы мүшелерінің өзара ақша жіберуі де күнделікті өмірде жиі кездеседі. Жеке мүлікті сатудан түскен қаражаттың да өзіндік құқықтық сипаты бар. Сондықтан аударымның жасалу фактісі ғана адамның салық төлеуге міндетті табыс алғанын дәлелдемейді, — дейді Раушан Тасшоинова.

Дегенмен «әр аударымға салық салынбайды» деген қағиданы кәсіпкерлік қызметтен түсетін табысты жасырудың амалы ретінде қабылдауға болмайды. Егер адам тұрақты түрде тауар сатып немесе қызмет көрсетіп, ақысын жеке картасына қабылдаса, бұл операциялардың сипаты қарапайым тұрмыстық аударымнан өзгеше болады.

Мұнда бір аударымның көлемінен гөрі төлемдердің қайталануы, әртүрлі адамдардан

келуі және белгілі бір кезең бойы үздіксіз түсуі маңызды. Шағын сомалардың өзі тұрақты түрде ондаған немесе жүздеген адамнан келіп отырса, оның кәсіпкерлік қызметпен байланысы болуы ықтимал.

ІРІ СОМА НАЗАРҒА ІЛІКПЕЙДІ

Дегенмен аударымның кәсіпкерлік қызметпен байланысы тек бір төлемнің көлеміне қарап анықталмайды. Қаражаттың қаншалықты жиі және қанша адамнан түскені де ескеріледі. Ал 2026 жылдан бастап осы белгілерді бағалауға аударымдардың жиынтық сомасы да қосылды.

Бірі көлемде бір рет ақша жіберуі заңды әрі түсінікті мәміленің нәтижесі болуы мүмкін. Керісінше, шағын сомалардың күн сайын түрлі адамдардан келуі жүйелі сауданың немесе қызмет көрсетудің белгісіне ұқсауы ықтимал.

— Мәселе тек аударым сомасының ірі немесе шағын болуында емес. Қаражаттың қаншалықты жиі түсетіні де ескеріледі. Ақша көптеген түрлі адамнан тұрақты түрде келсе, операциялардың жалпы сипаты талдануы мүмкін. Мұндай төлемдер тауар сату немесе қызмет көрсету белгілеріне ұқсаса, салық органдарының назарын аударуы ықтимал. Бұл тәсіл өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға да қатысты. Адам табыс әкелетін қызметпен тұрақты айналысса, одан түскен кіріс заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілуге тиіс. Декларацияланбаған тұрақты табыс қосымша талдаудың нысанына айналуы мүмкін, — дейді сарапшы.

Бұл талап үйінен тағам дайындап сататын, киім тігетін, жөндеу жүргізетін, оқыту немесе кеңес беру қызметтерін көрсететін адамдарға да қатысты болуы мүмкін. Қызметтің әлеуметтік желіде немесе тек таныстар арасында жарнамалануы оның кәсіпкерлік сипатын өзгертпейді. Егер жұмыс жүйелі түрде табыс табуға бағытталса, азамат оның салықтық және құқықтық жағын да ескеруге тиіс.

Түптеп келгенде, жаңа талап бойынша жеке картаға үш ай қатарынан әр айда 100 немесе одан да көп әртүрлі адамнан ақша түсіп, осы үш айдағы жалпы сома 1 миллион 20 мың теңгеден асса, мұндай операциялар кәсіпкерлік табыстың белгісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мысалы, қантар, ақпан және наурыз айларының әрқайсысында кемінде 100 түрлі адамнан ақша келіп, үш айда жиналған сома белгіленген шектен асса, банк бұл туралы салық органдарына мәлімет береді.

КАРТАДАҒЫ КІРІСТІҢ КІЛТИПАНЫ



Алайда бұл талапқа сәйкес келген адамға бірден салық немесе айыппұл салынбайды. Ол тек операцияларды қосымша зерделеуге негіз болады. Салық органдары ақшаның тауар немесе қызмет үшін төлем болғанын әлде қарызды қайтару, туыстардың көмегі, сыйлық немесе жеке мүлікті сатудан түскен қаражат екенін анықтауы керек.

Сондықтан бірреттік ірі аударымнан немесе туыстар арасындағы күнделікті ақша алмасудан қауіптенудің қажеті жоқ. Жаңа тәртіп, ең алдымен, жеке картасын тауар немесе қызмет ақысын тұрақты қабылдау үшін пайдаланатын, бірақ табысын ресми көрсетпейтін адамдарды анықтауға бағытталған.

Smart Data Finance осы операцияларды жеке-жеке бақылаудан гөрі әртүрлі деректерді бір ортада салыстыруға арналған. Мемлекеттік кірістер комитетінің платформасы салықтық қатерді анықтап, әкімшілендірудің тиімділігін арттыруды көздейді.

Оның негізінде 74 дереккөзді біріктірген бірыңғай Big Data қоймасы жұмыс істейді. Платформа 12 сервис арқылы мемлекеттік органдардың, екінші деңгейлі банктердің және басқа ұйымдардың 36 ақпараттық жүйесімен ықпалдастырылған.

Жүйеде жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, жер учаскелері, бағалы қағаздар, үлестік қатысу, лицензиялар, жеңілдіктер, еңбек шарттары мен нотариаттық әрекеттер туралы ақпарат жинақталады. Сондай-ақ валюталық бақылау аясындағы халықаралық мәмілелер, мобильді аударымдар және өзге қаржылық-экономикалық операциялар жөніндегі деректер қамтылады. Осы мәліметтер негізінде жеке және

заңды тұлғаларға қатысты кешенді цифрлық досье жасалады.

Платформа Big Data, жасанды интеллект, машиналық оқыту және болжамды талдау технологияларын пайдаланады. Ай сайын нақты уақыт режиміне барынша жақын форматта шамамен 500 аналитикалық есеп қалыптастырады. Бірақ бұл жүйе азаматтың салығын өздігінен есептеп, оны автоматты түрде жауапкершілікке тартады дегенді білдірмейді. Оның қызметі — ауқымды ақпаратты



Бір адамның екінші адамға ірі көлемде бір рет ақша жіберуі заңды әрі түсінікті мәміленің нәтижесі болуы мүмкін. Керісінше, шағын сомалардың күн сайын түрлі адамдардан келуі жүйелі сауданың немесе қызмет көрсетудің белгісіне ұқсауы ықтимал.

салыстырып, қосымша зерделеуді қажет етуі мүмкін жағдайларды анықтау.

ТАБЫСЫ ЖОҚ, МҮЛКІ БАР...

Салықтық тәуекелді көрсететін тағы бір белгі — адамның ресми табысы мен нақты шығынының сәйкес келмеуі. Мысалы, азаматтың ресми кірісі мүлде көрсетілмеген немесе аз болғанымен, ол қымбат жылжымайтын мүлік, көлік немесе басқа активтер сатып алуы мүмкін.

Мұндай сәйкессіздік бірден заңбұзушылықты білдірмейді. Ақша жинақтан, мұрадан, сыйлықтан, қарыздан немесе мүлікті сатудан алынуы ық-

тимал. Дегенмен қаражаттың қайдан келгені түсініксіз болса, заңнамада табысты жанама әдістер арқылы айқындау мүмкіндігі қарастырылған.

— Ресми табыс пен нақты шығын арасында елеулі айырмашылық болса, оның себебі зерделенуі мүмкін. Мұндай жағдайда банктік шоттар, мүлік туралы ақпарат және ірі сатып алулар жөніндегі мәліметтер талданады. Жасалған мәмілелер мен мемлекеттік органдарға қолжетімді басқа деректер де салыстырылады. Сондықтан азамат қаражатының заңды көзден алынғанын растай алуы керек, — дейді қаржыгер.

Бұл жерде цифрлық бақылау азаматтың жеке өміріне араласудың құралы ғана емес, көлеңкелі экономиканы анықтау тетігі ретінде көрінеді. Алайда бақылау күшейген сайын мемлекеттік органдардың деректерді дұрыс түсіндіру жауапкершілігі де артады. Өйткені ақпараттық жүйе операцияны көргенімен, адамдар арасындағы қарым-қатынастың мән-жайын өздігінен толық анықтай алмайды.

Бұрын азаматтар туысына ақша жібергенде немесе танысына қарыз бергенде оны құжатпен рәсімдеуге аса мән бермейтін. Қазір қаржылық операциялар цифрлық із қалдыратындықтан, қаражаттың шығу тегін дәлелдейтін қарапайым құжаттардың маңызы артып отыр.

Қарыз берілсе, қолхат немесе шарт жасаған жөн. Мүлік сатылса, сатып алу-сату құжатын сақтау керек. Банк үзінді көшірмелері мен төлем мақсаты көрсетілген түбіртектер де қаражаттың сипатын түсіндіруге көмектеседі. Мұндай құжаттарды бірнеше жылдан кейін іздеп, қайта қалпына келтіру қиын болуы мүмкін.

— Қаражаттың шығу көзін растайтын құжаттарды алдын ала сақтап қойған дұрыс. Олардың қатарына шарттар, қолхаттар және банктік үзінді көшірмелер кіруі мүмкін. Жеке мүлікті сату туралы құжаттар да операцияның мәнін түсіндіруге көмектеседі. Азамат салық органынан хабарлама алса, ең алдымен қандай операция сұрақ туғызғанын анықтауы қажет.



ДАМУ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Кейінгі бір жыл аралықта халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолындағы TRIPP бағыты туралы көп айтыла бастады. АҚШ-тың арағайындығымен әзірленген, Оңтүстік Кавказ аймағындағы геосаяси және экономикалық жағдайды түбегейлі өзгертуге бағытталған ірі халықаралық көлік-транзиттік жобаға Қазақстан тарапы да қосылуы мүмкін. Жобаның негізі 2025 жылғы тамызда Вашингтонда АҚШ, Армения және Әзербайжан басшыларының үшжақты декларацияға қол қоюымен қаланғанын білеміз. Енді бұл жоба Қазақстан үшін несімен құнды болмақ?

на өту. Ондағы теміржол саласы 2008 жылдан бері «Ресей темір жолдарының» еншілес компаниясы саналатын «Оңтүстік Кавказ теміржолы» жабық акционерлік қоғамының басқаруында болып келеді. Концессия 30 жылға жасалған. Енді Армения оны 400 млн долларға кері сатып алып, басқаруды Қазақстанға ұсынуы мүмкін.

еншісі іспетті. Бірақ екі тараптың келісімі қалай жүретіні белгісіз. Дегенмен РТЖ басшысы ақпарат құралдарына берген сұхбатында бұл шаруаның барлығы әу бастағы келісім құжаттарына сай еш даусыз шешілетініне сендірген әрі екі жақ бұл тұрғыда қазірдің өзінде өзара ымыраға келіп отырғанын айтқан.

Айта кетерлік бір жайт, әлбетте, АҚШ компаниясы басқаратын жобаға ресейлік компанияның атсалысып жатпасы белгілі. Оның үстіне, АҚШ осы жоба сөз бола бастаған сәттен-ақ шындап кіріскен емеурін танытқан. Соның айғағы болар, қазірдің өзінде жобаның бастапқы дайындық кезеңі үшін деп 140 млн доллар қаражат бөліп қойды. Никол Пашинян да бұған қатысты пікір білдіріп, бұл тек басы екенін, әрі қарай жобалардың әлеуетіне байланысты инвестиция көлемі де біртіндеп арта беретінін мәлімдеді.

Сондықтан Трамптың жобасы іске қосылса, ол Қазақстан үшін де, Қырғызстан үшін де Ресей мен Иранды айналып өтетін тікелей құрлық жолы болады. Түркия — Оңтүстік Кавказ — Орталық Азия — Қытай деген үздіксіз тізбек. Бұл өңірдегі сауда қатынасына жана серпін береді. Әзербайжан мұнай өнімдерін Арменияға экспорттай алады. Үшінші елдерден келетін астық пен басқа да тауарлар Әзербайжан аумағы арқылы Арменияға транзиттеледі. Үшінші елдердің ішінде Қазақстан да болатыны сөзсіз.

Сол себепті Қазақстанның бұл жобадан ұтары көп, өйткені логистика тұрғысынан Орта дәлізге жаңа есік ашылады. Геосаяси тұрғыдан АҚШ-тың аймақтағы жаңа жобасының толыққанды акционері бола алады. Экономика жағынан да тиімді, себебі транзиттен түсетін табыс алады. Әйтсе де бұл келісімдердің соңғы сөзін АҚШ айтады. Акционерлер құрамын өзгертуге алдымен АҚШ-тың келісімі керек.

Әрине, сарапшылар арасында сан сакка жүгіретін тұжырым көп. Оңтүстік Кавказдағы ықпалын сақтап қалу үшін әлемдік алпауыт мемлекеттер бұл шаруаларға қалай қарайды екен деген сарындағы күдіктерін айтып қалып жатыр. Ондай ойдың тууы да бекер емес. Жоба іске асқан жағдайда АҚШ Иран мен Ресейді айналып өтіп, Қытайдың «Бір белдеу — бір жол» жобасына балама жасауға мүмкіндік алады. Мұндай жағдайда Зангезурдан өтетін 40 шақырым алып мемлекеттердің көзі түйіскен жер болмақ. «Трампың бейбітшілік жолы» деген атауы әдемі естілгенімен, оның артында темірдей есеп, қатал геосаясат тұр.

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Бытыр 7 қарашада Трамп Орталық Азия басшыларын Ақ үйде қонақ қылғанда осы мәселе де қозғалған еді. Қасым-Жомарт Тоқаев сол уақытта-ақ АҚШ басшылығымен кездесуде TRIPP жобасына қолдау білдіретінін ашық айтқан болатын. Президентіміз қай жерде де сол сөзінен таймай келеді. Екі аптадан соң, 21 қарашада Армения премьер-министрі Никол Пашинян Астанаға келгенде осы тақырып тағы айтылды. Онда да Тоқаев АҚШ-тағы сөзін қайталады.

— Біз «TRIPP халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолы» жобасына қатысуға қызығушылық танытып отырғанымызды растаймыз. Осы стратегиялық дәліздерді Транскаспий халықаралық көлік бағдарымен және Солтүстік-Оңтүстік дәлізімен ұштастыру екі елдің де мүддесіне сай келеді, — деп Қазақстан тарапының бастапқы ұстанымын және бір нықтай түсті.

Әңгіме болып отырған TRIPP жобасы — Арменияның Сюник облысы арқылы өтетін 40 шақырымнан асатын дәліз. Ол — бір ғасырдан бері ажырап тұрған Әзербайжанның негізгі аумағын оның Нахчыван эксклавымен қосатын жол. 2025 жылғы тамызда Вашингтонда Дональд Трамптың арағайындығымен Әлиев пен Пашинян қол қойған үшжақты келісімнің негізгі өзегі де осы болды. Соңғы ақпараттарға қарағанда, жобада құр автокөлік пен теміржол салу не жаңғырту ғана емес, сонымен қатар мұнай-газ құбырларын тарту, түрлі кабель жүргізу шаруалары да қарастырылған.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТТІҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

Жобаны TRIPP Development атты бірлескен компания басқарады. Оның шамамен 74%-ы америкалық тарапта. Компанияға дәліз инфрақұрылымын салудың алғашқы құқығы, сондай-ақ оны 49 жылға, одан әрі тағы 50 жылға ұзарту мүмкіндігімен басқару құқығы берілген. Инвестиция көлемі 1 миллиард доллардан асады деп бағаланып отыр, бірақ нақты қаржы көздері әлі де талқылану үстінде.

Мұндағы ең қызығы — Арменияның әрекеті. Никол Пашинян Қазақстан мен Қырғызстанға TRIPP жоба-

сына қосылуды ұсынды. Тіпті TRIPP Development компаниясындағы өз үлесінен, шамамен 26%-дан — әр елге 5%-дан беруге дайын екенін де мәлімдеді.

Осы жерде сарапшылар мына бір жайға назар аудартады. Пашинян осындай ұс-



Сол себепті Қазақстанның бұл жобадан ұтары көп, өйткені логистика тұрғысынан Орта дәлізге жаңа есік ашылады. Геосаяси тұрғыдан АҚШ-тың аймақтағы жаңа жобасының толыққанды акционері бола алады.

ыныс жасаумен қатар ресми Ереван Астанаға тағы бір қолқа салып отыр. Армения теміржол желілерін басқаруды біздің елге артқысы келетін секілді. Бұл дегеніміз — ресейлік компанияның басқаруынан шығу һәм ҚТЖ басқаруы-

Мұны жай инфрақұрылымдағы жауапкершілікті бөлісуден гөрі саяси астармен қарастырып жатқандар да бар. Өйткені әңгіме анау-мынау емес, бүтін бір елдің логистикасының бір тармағына қатысты және оған кеткен шығын мен одан түсетін пайда жайында болып тұр. Сол себепті де РТЖ-ның оңайлықпен бас тарта қояы екіталай. Сонау 2008 жылдан бергі «енбектің» еш кетпеуі үшін олар да өз талабын қояры анық. Сол ұстаныммен РТЖ басшысы 400 млн долларға жуық қаражат инвестицияланды деген себеппен осынша көлемде баға қойып отыр.

Екінші жағынан, «Оңтүстік Кавказ теміржолы» ЖАҚ концессиялық келісімінен шығып жатқандықтан, Армения тарапы тиесілі қаражаты ретінде талап қойып жатқан секілді. Ақпарат көздерінде 2 млрд доллар деген мәлімет айтылып жүр. Мұның себебі, әлгі концессия жасалғанда бір жақтан РТЖ, екінші жағынан Армения үкіметі қол қойып, «Армения темір жолдары» ЖАҚ сол концессияның құрамына берілген болатын. Орасан 2 млрд доллар бөлініп шығатын осы компанияның



БІЗДІҢ СҰХБАТ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



— Бола береді. Адамның құлағы, домбыраның құлағы, іс машиненің құлағы дегенде адамдар «бәрі бір құлақ па?» деп шатаспайды ғой. Тура сол секілді.

Бекжан Әбдуәлі қазақтың жер атаулары далада қалып қоймай, бізбен бірге қалаға көшіп келуі керек деген ой айтқан. Тура сол секілді қазақтың сөздері де бізбен бірге қалаға көшіп келуі керек. Енді ошақ көтермейміз, көшпейміз, жұртта қалған ошақтың орны туралы әңгіме айтпаймыз. Айтсақта, аз айтамыз. Ол сөз енді сол заман туралы көркем шығармаларда ғана белсенді қолданылады. Ал футболды біз күнде көріп отырымыз. Тіпті екеуі де белсенді қолданып жатуы мүмкін, онда тұрған ештеңе жоқ.

Сондай-ақ бірдей айтылып, бірдей жазылатын, әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын мағынада қолданылатын сөздер де бола береді. Мәселен, «сал» деген сөзді алыңыз.

Мысал еткен «миграцияңыз» іс-қағаз стилінде «көші-қон» деп, ал ғылыми стильде, зоологияда басқаша атала беруі мүмкін. Оны жақсылап бекіту керек. Бала кезде оқулықтан қалай оқыса, адам әрі қарай дүниені солай танып кете береді. «Селбесе тіршілік ету», «ұлпа», «жасуша» дегендерді оқып өстік, солардың орысшасын сұраса, көбіміз айта алмаймыз да. Дүниені қазақша тану дегеніміздің өзі осы ғой.

Терминологиялық комиссияға қайта оралатын болсақ, ол жердің жұмыс жоспары әу бастан дұрыс жасалмаған деп ойлаймын. Максаттарын айқындап, бюджеттерін көбейтіп, жанаша жолға түсіру керек.

— **Жанаша жол дегеніңіз қандай жол болуы керек?**

— Ең әуелі сөздер орысша-қазақша сөздік түрінде бекітілмеуі керек. Орыстың бір сөзіне қазақтың бір сөзін байлау деген

Арман ӘЛМЕНБЕТ, жазушы, филолог:

ТІЛДІҢ ҚАЛЫПТАСҚАН ТИІСУГЕ

Қазіргі қазақ тілі дегенде қарама-қайшы екі нәрсе ойға оралады. Бір жағынан, қазақ тілі – теңдесі жоқ телегей-теңіз ауыз әдебиетін жасаған, би-шешендердің көкірегінде дамылдаған, жауһар шығармаларды түйдек-түйдегімен туғызған ең бай, ең оралымды, ең көркем тіл. Екінші жағынан, қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне қарамастан, іс жүзінде экономикада, өндірісте, технологияда онша қолданылмайтын, халықтың бір бөлігі меңгермеген тіл. Осы орайда бүгінгі Қазақстан халқы тілдері күнінде жазушы, филолог, «Ана тіл мен мына тіл» подкастының авторы Арман Әлменбетпен әңгімелесіп едік.

— Сіз тіл туралы Facebook-та көп жазсыз, YouTube-та подкаст түсіресіз, оның сыртында «Сөзтүзер», «Комментатор сөздігі» сияқты арнаулы кітаптарды шығаруға атсалысқансыз. Осындай қыруар шаруаны тыңдыра жүріп түйген тұжырымдарыңыз бар ма? Қазақ тілінің ең басты проблемасы неде екен?

— Қазақ тілінің өзінде проблема жоқ, мәселе біздің өзімізде дер едім. Кейбір шаруаларды дұрыс ұйымдастыра алмай келеміз.

Мәселен, басқа тілден калька жасап, қалай болса сөйлеуді тілдің дамуы деп ойлайтын кісілер бар. Біздің тіліміз ескірген, осылайша дамиды деп түсінеді екен. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлы, Әбдуәлі Қайдарлардан мысал келтіріп отырып ұқтырсаң, жөнге келеді. Біздің өз тіліміз бар, ешкімге жалтақтаудың қажеті жоқ деген ұстаным салтанат құруы керек.

Жалпы алғанда, мына үш мәселені барынша ерте шешу керек деп білемін: іс-қағаз бен ғылыми стильді қазақшалау; Қазақстанда тұратын кез келген баланы балабақшадан бастап қазақша үйретіп шығаратындай болу; тіл білімі ғылымын ұлттық бағытқа бұру.

— **Енді осы үш мәселені жеке-жеке тарқатсақ.**

— Кейінгі жылдары қазақша кино тәуір касса жинап жүр, қазақша әндер басқа тілдердегі әндерді ығыстырып шығарды, қазақтілді блогерлер көбейді. Осыған қарап бізде қазақ тілі дамып келеді екен деп ойлаймын. Бірақ қазақ тілі тек көркем әдебиеттің, өнердің, ауызекі әңгіменің, публицистиканың тілі ғана ретінде дамып ұзаққа бара алмайды. Қазақ тілі ғылымның барлық саласын қамтитын тілге, сондай-ақ кеңсе тіліне де айналуы керек. Өмір бойы өзге бір тілге масыл болып тіршілік

кеше алмаймыз ғой. Заман тез өзгерді де, біз шенеуніктерге ыңғайлы тілмен алға кетіп қалдық, қазақ тілі Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян құсап: «Балалар, токандаршы!» — деп ақсандап жүгіріп барады.

Жаңа өзін атаған «Комментатор сөздігі» бар ғой. Сол шаруаны істей жүріп, термин мәселесінің қиындықтарын әбден сезіндім. Бұл бір қиын шаруа. Бірақ істемесе болмайды. Өзге тілде ойлайтын адамға қазақша терминді ұсыныс ретінде айтудың өзі оңай емес. Күледі, жокка шығарады, дауласады. Бірақ түсіндіру керек. Шамаңа тимей, қазақ тілі үшін дәл сол сөздің қаншалықты маңызы бар екенін дәлелдеп бағу керек. Комментатор қазақша спорт терминіне тосырақпай қарайтын болса, кенші, мұнайшы, IT маманы, заңгер, есепші қалай қарсыласатынын есептей беріңіз.

Ал енді балаға үйрету туралы айтып отырғанымыз былай ғой. Үйінде қазақша сөйлеп жүрген бала балабақшаға барса, тілін былғап келеді. Одан кейін де жыл сайын қазақ тілінен «бес» деген баға алып, мектеп бітіріп жатқан оқушылардың қазақ тілін тиісті деңгейде білмей шығатынын көріп жүрміз. Мұны айқайлатпай, шулатпай, асқан бір шеберлікпен реттеу — мемлекетіміз үшін аса маңызды.

Ғылымды қазақы бағытқа бұруымыз керек дейтінім, Тіл білімі институты, Шаяхметов атындағы институт, Терминологиялық комиссия, университеттегі тіл білімі кафедралары баяғы «шапирографиядан» құлан-таза айығуы керек деп білемін.

— **Термин демекші, «Комментатор сөздігінде» футболда пенальти соғатын нүктені «айтабан» деп аудардыңыздар. Қазақ ертеде ошақтың орнын «айтабан» депті. Яғни бұл — жана сөз емес, өз алдына мағыналық жүк арқалап тұрған көне сөз. Сонда ертең анау да айтабан, мынау да айтабан бола бере ме?**

Біржан сал да — сал, бөренелерді бір-біріне байлап өзеннен өтсеңіз, ол да — сал. Етістік сал бар. Бірденені шелекке сал, ән сал, сурет сал, керек десеніз, біреуге пародия жасау да оны салу болады.

Ағылшын тіліндегі some деген етістіктің жеті-сегіз мағынасы бар екенін осы таяуда ғана көріп едім. Сөйтсем, ағылшын тілінде ондай сөз өте көп екен. Яғни бұл дегеніңіз тілдің кемшілігі емес.

Ахмет Байтұрсынұлы бір ұғымға сөз іздегенде әуелі қазақ тілінің өзінен, табылмаса, туыстас түркі тілдерден, одан да табылмаса, орыс-еуропа сөздерін бейімдеп алуымыз керек деп термин жасаудың «жол картасын» құрып берген ғой.

«Комментатор сөздігіндегі» терминдердің бәрі көнерген сөздерді жаңарту арқылы ғана жасалмағанын да айта кетіміз керек шығар. Ол жерде бейімделген сөздер де, жана сөздер де бар.

— **Шатаспасам, бұл кітапқа енген сөздерді Терминком да мақұлдады-ау деймін. Дұрыс қой. Бірақ біздің терминологияда бір авторитаризм бар сияқты. Терминком бір терминді шегелейді де, жұрттың бәрін солай жазуға міндеттейді. Кейде соның ішінде қисынға сыймайтын сөздер кездеседі. Мысалы, «миграция» сөзі «көші-қон» деп бекітілген. Бірақ қазір әлеуметтанушылар «эмиграция», «иммиграция», «ремиграция» деген сөздерді қазақша қалай жазарын білмейді. Бұларды бұрынғыша халықаралық термин күйінде қалдырсақ, онда жалғыз «миграцияны» аударудан қазақ тіліне не қайыр? Ғылымда «миграция» сөзі аңдарға, құстарға, балықтарға да қатысты айтылады. Олардың өз ареалында жаппай жылжуын «көші-қон» дегеніміз орынсыздау емес пе? Мұндай мысал көп.**

— Терминком міндеттемейді, тек ұсынады. «Рекомендательный характер» дейді ғой, сондай.

Халықаралық термин дегенді қолданып отырсың ғой. Осы елес сөз біздің сорымыз болып тұр. Елес сөз дейтінім, мұндай ұғым жоқ. Кез келген сөз ұғым болған жағдайда ғана бар болады. Ал «халықаралық термин» деген сөз қазақ тілінде бар да, бірақ ондай ұғым мына жалғанда жоқ. Әр халық өзінше сөйлейді. Біздің халықаралық термин деп жүргеніміз — орысшасы мен ағылшыншасы ұқсайтын сөздің орысшасы ғана.

принцип тілдің түбіне жетуі мүмкін. Ұғым, сөз, соның жанына анықтама, қолдан келсе, сурет, одан соң барып орысша, ағылшынша, монғолша, парсыша аудармалары тұруы керек деп білемін.

Одан кейін келген сұраныстарға байланысты жұмыс істеу, яғни мақсатсыз, бағдарсыз, ағысқа ілесіп кете беру дұрыс емес. Қазақша жоқ терминдердің тізімі жасалуы керек. Осы жұмыспен қатар қазақ тілінде бар, бірақ әлі термин боп бекітілмеген сөздердің де тізімі жасалуы керек. Ол үшін қазақша жазылған кітаптарды, қолжазбаларды түгел сүзу керек. Оның бәрі — құр қиял емес, атқаруға әбден болатын жұмыстар.

— **Қазір әлеуметтік желіде тілге ревизия жасайтындар көбейді. Ерінбеген екеудің бірі сөзге жармасып, қазақ олай айтпаған, бұлай сөйлемеген деп бәрін түзетіп отыратын жағдайға жеттік. Тіл білімінде бұған қатысты екі ұстаным бар: біреуі — тілді қатып қалған канон ретінде қорғайтын прескриптивизм, екіншісі — халықтың аузындағы тірі қолданысты норма деп танитын дескриптивизм. Жазушы ретінде, филолог ретінде осы екеуінің арасындағы шекараны қай жерге қояр едіңіз?**

— Әлеуметтік желідегі ол үрдіс қазір саябырсығандай көрінеді өзіме. Біреу бірденені түзеймін деп талпынса, ол да — қозғаушы күш. Сол пікірталастардың төңірегінде ой піседі, ізденіс болады деп ойлаймын.

Тілдің қалыптасқан ұстындары бар ғой, оған тиісуге болмайды. Тиіссек, оның шегі болмайды, бір заманда жүйесі бұзылған, қолданысқа жарамсыз тілге айналдырып тынамыз. Ал енді қазақшада жоқ сөзді, қазақшада жоқ бір қолданыстарды басқа тілден калькалау жолымен де алуға болады, ауызекі тілде әу баста әзіл ретінде пайда болған сөздерді әдеби нормаға қосуға да болады, тіл өзі солай дамиды. Кезінде ағылшындар төлқұжат алу үшін толтыратын қағаздың ата-тек туралы жолында || деген таңба болыпты. Ол уақытта француз тілінің үстем боп тұрған уақыты екен. Сол таңбаны ағылшындар французшалап ré de grue деп атапты. Ол «тырнаның сирағы» деген сөз екен. Қазір ағылшын тілінде pedigree деген сөз бар. Адамның шыққан тегі дегенді білдіреді.

— **Тілдегі ауытқуларға калька ғана кінәлі емес қой. Мысалы, бұрын «оқи бастадым»**

БІЗДІҢ СҰХБАТ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

дейтіндер қазір «оқып бастадым» дейді, «баруымыз керек» дегенді дап-дардай кісілердің өзі «бару керекпіз» деп еш қысылмай айта береді. Меніңше, оған орыс тілінің қатысы жоқ. Бір жағынан бұл табиғи құбылыс та сияқты. 15 ғасырдағы Керей, Жәнібектер пен 19 ғасырдағы Кенесарылар айна-қатесіз бірдей сөйлемеген шығар, Асан Қайғылар мен Абайлардың тілінде аздаған (немесе көптеген) айырмашылық болған шығар деп ойлаймын. Ендеше 19 ғасырдағы тілдің эволюциясы неге дұрыс болуы керек те, 21 ғасырдағы эволюция неге бұрыс болуы керек?

— Бекболат Әдетов деген кісі болды. Мықты аудармашы әрі тілдің жанашыры еді. Сол кісіден он шақты жыл бұрын -уда, -уде жұрнақтары туралы сұрадым. «Қазір осы шақты меңзегенде жазуда, сызуда, окуда, өтуде, күтуде деп жазу сәнге айналды ғой, сол дұрыс па?» — деп сұраған едім. Сонда ол кісі: «Тіл дамиды, өзгеріске түседі, оған қарсы тұра алмайсың, тек кез

шыққан безеу сияқты нәрсе, ал сөйлем құрылымын көшіру жазылмас дерт секілді қауіпті», — деп еді. Мұның бәрі дүниеде бар құбылыстарды өз тілімізде жазбай, өзге тілдегі дайын мәтінді алып келіп аударғаннан болып жатқан кемшіліктер ғой.

Бір жағы бұл жерде тілдің функционалдық міндеті, стиль деген мәселелер де қылтып тұр. Мәселен, «Министр осылай шешті» дегенді «Пәленше солай депті ғой» десек, ауызекі стиль болады. Сол ақпаратты министрді суреттей келіп, сөзін түрлендіріп, көркем әдебиет стилінде де айтуға болады. Енді ресми, ісқағаз стилінде жазылғаны көрініп тұруы үшін сондай құрғақ, суық сөздер де керек. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, ол өзге бір тілге қосакталып жүргеннен емес, бірнеше тілден үйрене жүріп, бұрынғы өзімізде бар сөздерді қопарып шығара жүріп қалыптасса, дұрыс болар еді.

— Ауызекі сөйлеу мәдениетін айтқанда «орыс болып кетті» деп қала қазағына рен-

енді. Айтайын дегенім, қазір сол жобаны қолдағаны үшін Дәурен мырзаны ризашылықпен еске аламын. «Үңгірден шыққан ұлтшылдар» деп сынға қалып, артынша осындай кітап шығардық деп өзі жұртқа жар салып, біраз абыройын қалпына келтіргендей де болды, сондықтан ол кісі де маған риза шығар деп ойлаймын (мені танымайды да ғой, әрине, дегенмен есіне түсіретін болса дегенім ғой). Айтпақшы, Дәурен мырза мен біздің арамызда арағайындық қылған ол кісінің кенесшілері Мирас Мұқаш, Актілек Тәжі есімді азаматтарға да ризамын.

— «Сөзтүзерді» әзірлеу барысында БАҚ-ты, ресми құжаттарды, әлеуметтік желіні сүзіп, мындаған қате жинадыңыздар ғой. Сол кезде қандай қателер көп байқалды? Қазақша сөйлеп, қазақша жазғанда қай жерден қатты сүрінеді екенбіз?

— Дәл сол кезде түсіндім дей алмаймын, бертінде. «Комментатор сөздігін» әзірлеу кезінде түсіндім-ау деймін. Орыс тілі зат есімге негізделген тіл екен, ал қазақ тілі

стильде, іс-қағаздарда қалып қойған, көркем шығармаға кірмеген. Мейлі, мен әңгімені жаза алмаған болайын. Ол маңызды емес. Бірақ өзің министр туралы, әкім туралы, оның жеке өмірі, ішкі көңіл күйі емес — жұмысы туралы әңгіме, повесть, роман оқып көріп пе едің? Біздің әдебиетімізде қала өмірі жоққа тән. Оның бірден-бір себебі қазақша терминдердің қалыптасып, санаға сіңбегенінде. Қазір қала туралы туындыларға байқау жарияланып жатыр. Қазыларға қиын болғалы тұр. Былай қарағанда қала өмірі туралы шығарма, былай қарағанда журналистік зерттеу сияқты көрініп, қиналуы мүмкін. Оқырман көркем шығармадан қаланың тіршілігін оқып үйренбеген.

«Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау» дейді ғой Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ тілі, жайлауда жүрсен, осының бәріне жарайды. Ал қалаға келсең, отырған жерінді толық суреттеп бере алмайсың. Өйткені қаладағы бұйымдарды, ережелерді, құжат атауларын, әртүрлі әдеттерді орысша атап, әбден жаман үйренгенбіз. Оның бәрі — ғылыми тілмен айтсақ, термин. Терминдерді қазақша лап, оны халықтың санасына сіңіріп, киноңызда да, романыңызда да жүретіндей қылу — бүгінгі күні істелуге тиіс үлкен жұмыстың бірі.

— Бүкіл әлем AI мен IT төңірегінде дамып жатыр. Үлкен тілдік модельдердің дәуірі туды. Қазақ тілінің цифрлық қоры жана үрдістерге дайын ба? Жасанды интеллект интернетте бар сөзді жинап алып, қате болса да, калька болса да тарата береді ғой. Ертең жастар осы жасанды интеллектің дүбәра тілін дұрыс тіл деп қабылдап кетпеуі үшін қайтпек керек? Тіл мамандары не істей алады?

— Заман әкелген жаңалықтарға қатысты стратегия болуы керек, әрине. Бірақ дүниенің бәрін дабырасы көп технологиялық үдерістерге апарып тірей беру дұрыс емес. Менің байқағаным, әлемдегі бір жаңалықты естисе, қай саланың болсын мамандар мәселенің бәрі енді шешіліп кететіндей көріп, сол жаңалыққа жармаса кетеді. Спортшылар да ғылымды, технологияны пайдаланады. Денсаулықты бақылауға, бұлшық еттерді жақсартуға, тағысын тағыға керек. Бірақ бәрібір спортшы тер төкпей, бір жаттығуды мың қайталап шеберлігін арттырмай ештеңе шешілмейді ғой. Сол секілді бала оқымай, жазбай, жаттамай білім жинай алмайды, ғалым адам бір сұраққа мындаған сағатын арнамай жаңалық аша алмайды, тілдің мәселелері де адамның еңбегінсіз шешілмейді. Қазақы ортада өскен бір қазақ ескі кітаптарды оқып отырып қана ашатын жаңалықтар бар, солай ғана қабылданатын шешімдер бар. Тіл деген — миллиондаған адамның санасына орныққан үлкен бір құбылыс, солардың бәрі ұсынған жаңалығынды «ә, міне!» деп ескі танысын көргендей қабылдап, әрі қарай қолданып кетуі үшін бұрыннан келе жатқан тізбекті танитындай түйсік керек.

2026 жылы өмір сүріп жатқан тіл мамандары 1926 жылы өмір сүрген тіл мамандары не істесе, соны істеуі керек. Қазақ тілін зерттей беруі керек. Тапқанын халыққа таныстыру, жана технологиямен аастастыру, тағы сол секілді қосымша жұмыстарды басшылар тиісті мамандарды араластыра отырып ұйымдастыруы керек. Егер технология деп, әлемдік тренд деп ғылым мен тілді әрірек ысырып қойсақ, онда арбаны аттың алдына жеккендей боламыз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Еркебұлан НҰРЕКЕШ

ҰСТЫНДАРЫНА БОЛМАЙДЫ

келген өзгерістің дұрыс болуын қадағалау керек», — деген еді. «Мәселен сол -уда мен у-деніз, — деді ол кісі, — барлық жағдайда қолдануға келмейді, мәселен, оның болымсыз формасы жоқ. Яғни келмеуде, жүрмеуде, қарамауда деп айта алмайсыз ғой».

Өзін айтып отырған «-п бастаудын» қате болатын бір себебі бар. Мысалы, Тұманбай Молдағалиевтің «Ал адамдар күліп бастап өмірін, кетерінде жылай да алмай қалады» дейтін өлең жолы бар. Осы жерде «-п бастау» дұрыс қолданылып тұр. Яғни өмірді қалай бастайтынын айтып тұр, нені бастайтынын емес. Бұл «-п бастауыңыздың» осындай дұрыс формасы болғандықтан да, бұрынғы қазақтар бірдеңені бастаған кезде «-й бастадым», «кірістім» немесе жай ғана «бастадым» деп айтқан болса керек.

Ал енді о ғасыр мен бұ ғасырдың арасында айырмашылық болса, қазіргі уақыт пен алдағы уақытта да сондай айырмашылық болуы керек деген ой тұмауы керек. Қазақ әдеби тілінің тарихы жақсы зерттелген. Оңайлатып айтатын болсақ, бұл дегеніңіз спортшының зар күйіне келуі секілді шаруа. Спортшы жасы кезінде әлжуаз болады, уақыт өте келе шымырланады, арасында спорттан қол үзіп қалса, денесі босап, артық ет алады, ауырып қалуы мүмкін, сосын қайта кірісіп, қалпына келеді. Осы аралықта әртүрлі халде болады. Бабына келген кезде бұрын әртүрлі қалыпты болған екенмін деп, бір арып, бір толып, ойына келгенін істеп кетпейді ғой. Біз тәп-тәуір әдеби нормамызды қалыптастырып, әр замандағы тілдік қабаттан қалған сөздерді сақтай отырып, лексикалық қорымызды байытып, осы күнге жап-жақсы жеткен ұлтпыз. Енді жана заманға сай дұрыс түрленіп, одан әрі күшейіп кетуіміз керек.

— Басқа тілдердің синтаксистік жүйесін, сөйлем құрылымын тікелей көшіріп алу сөзді ғана емес, ойды да бұзатындай көрінеді. Мәселен, «министрлік осылай шешті» деудің орнына «министрлік тарапынан осындай шешім қабылданды» деу, «жол жөнде-ліп жатыр» деудің орнына «жолды жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілуде» деу тілдің ішкі логикасына қалай әсер етеді?

— Иә, Ербол Тілешов: «Өзге тілдің сөзін қолдану қатты қауіпті емес, ол бір бетке

жүзіміз ғой. Алайда ауыл қазағының да қарық қылғаны шамалы. Қыстырма сөздерді көп қолдану, орфоэпиялық қателер жіберу, кібіртіктеп, тұтығып, ыңқылдап сөйлеу, әр сөзден кейін, әр тіркестен кейін қалай жалғастырамын білмей, «i-i-i», «a-a-a» деп тұрып қалу қалыпты нәрсеге айналған. Қарапайым халық қана емес, радиоға, теледидарға сұхбат беретін әжептәуір сауатты кісілер де сөйтеді. Сөйлемінің бастауышы қайда, баяндауышы қайда, тұрлаулы-тұрлаусыз мүшелері қайда — айырып болмайсың. Бұл не, сөздік қордың жұтандығы ма, әлде ойды жүйелей алмаудың салдары ма?

— Бұл — тек қазақтың басындағы емес, адамзаттың басындағы жағдай. Кез келген тілдегі ескі фильмдерді көрсең, бұрынғы қарапайым адамнан алған жедел сұхбаттарды қарасаң, қазіргімен салыстыруға келмейді. Ақпарат тасқыны адам баласын есенгіретіп тастады.

Бұрын көркем жазу деген сабақ болды ғой, адам баласының жазуға деген құрметі, махаббаты ерекше еді. Қазір жазу оңай терілетін болған соң көркем жазуға ешкім мән бермейді. Тура сол секілді көркем сөйлеудің де қадірі қалған жоқ. Оны өз басым үлкен мәселе көріп, бас қатырып ойланғанда емеспін. Әйтеуір солай болып жатқанын білемін.

— Психолінгвистикада бір қызық құбылыс бар: егер адам айналасынан күнделікті қате мәтінді көп көріп, қате сөйлемді көп естіп жүрсе, бара-бара ми оны «осылай болуға тиіс» деп қабылдай бастайды екен. Сөйтіп, қоғам қатенің батпағына батқан сайын өзін дұрыс батып бара жатырмыз деп сезінетін секілді. Біз осы батпаққа батудың қай деңгейіңдеміз?

— Біз ол батпақтан шығып келе жатқан болармыз. Жеті-сегіз жыл бұрын «болады ма?», «келеді ме?» деп сөйлеп, солай жазу жаппайласа бастады. Газет, телеарналар да солай сөйлеуден арланбайтын болып бара жатқан. Қазір ол тоқтағандай. Оған себеп болған манағы өзің айтқан тілге ревизия жасағысы кеп тұратындар болса керек (ішінде өзім де бармын). Кезінде шыққан «Сөзтүзер» деген қате сөздер сөздігінің де біраз пайдасы тиді. Сол уақытта идея авторы деп өзін көрсетіп жіберген Дәурен Абаева ренжіген едім. Мүмкін менімен бір ауыз сөйлесіп, осылай қыламын деп барып солай істесе, ренжімес пе едім. Пендемің ғой

етістікке иек артқыш. Мұның ең қарапайым мысалы мынау: қазақтар допты «тепті» десе, орыстар «сделал удар» дейді. Осыдан кеп қазақтар «соккы жасады» дейтін болған. Біз төтесінен етістікпен айта салатын нәрсені орыстар сөйтеді екен деп етістіктен зат есім жасап, оған қайта етістік жалғап, әуреде түсіп кетіппіз. Қиындықтың бірсыпырасы осылай өз тіліміздің байлығынан бас тартып, өзге тілдің шылауында кетуден болып тұр.

— Байлық дегеннен шығады, әдетте қазақ тілінің бай тіл екенін дәлелдегіміз келгенде «жылқының түр-түсін білдіретін жүз неше сөзіміз бар» дейміз. Сол сияқты эскимостар да батысқа қарай жүзіп бара жатқан моржды «аргугах», солтүстікке қарай жүзіп бара жатқан моржды «каврык», әр бағытқа жүзіп жүрген моржды «акылюграк», қоректенуші моржды «эхъык», ұйқыдағы моржды «кавалыграх» дейді екен. Африканың Химба деген тайпасы жасыл түстің 40-қа жуық реңкін ажыратып айтатын көрінеді. Бірақ осы тілдерде станоктың мағынасын дәл беретін бірде-бір сөз табылмауы мүмкін. Жалпы, белгілі бір өмір салтына байланған сөздердің көптігі тіл байлығына өлшем бола ала ма?

— Эскимос пен қазақтың ұқсас жері бұрынғы тұрмысына сай тілінің бай болуы ғана емес, бірнеше жыл отар болғанының кесірінен ғылыми тіл мен іс-қағаз стиліндегі терминдерді уақытында қалыптастыра алмауында болып тұр ғой. Ал эскимостардан үлкен айырмашылығымыз — отыз бес жыл бұрын тәуелсіз мемлекет құрып алғандығымызда. Бірақ әлі күнге дейін терминдерімізді толық бүтіндей алмай отырмыз.

«Қазақтың тілі мал шаруашылығы, саятшылық, жауынгерлік — осы үш салада ерекше дамыған», — деп еді Ұлағат Ханзада. Мен осыған табиғатты, аспан әлемін және адамның ішкі жан дүниесін қосамын. Қазақ поэзиясының осынша биікке көтерілуіне де тілінің осындай бай болуы себеп болған шығар деймін.

Жақында бір әңгіме жазған едім. Кеңсе ішіндегі оқиға, құжат туралы. Таныстарыма оқытсам, көркем шығарма емес, мақала сияқты дейді. Я мен нашар әңгіме жаздым, я адамдар кеңсеге қатысты әңгіме оқып үйренбеген. Яғни кеңсе ішінде, құжатта кездесетін сөздер тек публицистикалық

5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



Елімізде 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні ретінде атап өтіледі. Бұл датаның шығуы тегін емес, дәл осы күн Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай белгіленген. Осылайша, 2017 жылғы 31 қазандағы Үкімет қаулысымен ұлт ұстазының есімі ерекше күнге телінді. Осыған орай біз еліміздің тіл саясатының маңызына бір шолу жасап, біртұтас жұрт болуға қалай оң әсерін тигізіп жатқанын бағамдап көрдік.

Мадияр ТӨЛЕУ

ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ТАМЫРЫ БЕРІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр жылдары тіл тақырыбына аз тоқталған жоқ. Тіпті халықаралық аренада да еліміздің өзге этностар тіліне құрметпен қарап қана қоймай, қазақ тілінің мәртебесін арттыруға күш салатынын ашық жеткізді. Мәселен, 2023 жылы 13 қазанда Бішкек қаласында өткен ТМД-ға мүше елдер басшылары кеңесінің отырысында ел Президенті «Қазақстан қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін күшейту саясатын жалғастыра береді», — деп мәлімдеді. Яғни қазақ тілінің мәселесі халықаралық деңгейде айтылғанын, еліміздегі тіл саясатын тұрақты әрі саты сатысымен жүргізіліп отырғанын байқауға болады.

Кейін бұл мәселе білік назарынан тыс қалған жоқ. 2024 жылы ұлттымыздың рухани мінбері саналған Ұлттық құрылтай жиынында Мемлекет басшысы тіл тақырыбын тағы көтеріп, тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін баяндады.

— Бұл — біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнес-

ХАЛЫҚ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

тің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы — ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні — осында. Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек — деді Президент.

Сол жылы Қасым-Жомарт Тоқаев тіл туралы тағы бір маңызды жиында сөз етті. Ол — Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзі еді.

— Тіл — көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда да солай. Біз осы аса шетін мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Бірақ бұл біздің мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға баса назар аударатынымызды жоққа шығармайды. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің дамуына айрықша назар аударуға ықпал етеді. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айнала-

тынына сенімдімін. Біз біртіндеп осыған келе жатырмыз. Қазақстан — қазақ тілі мемлекеттік тіл саналатын көп тілді ел, болашақта да солай бола береді. Бұл — біз үшін орасан зор басымдық — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Ал биыл 12 наурызда Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында сөз сөйлеп, тілдерге, соның

екенін мәлімдеді. Бұл мәселе қосымша түсіндірмені қажет етпейтінін қоса айтты. Осыны ескерсек, тіл саясаты мемлекет құрылымында маңызды рөл атқара беретінін, қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін бір сала екенін байқаймыз.

ЖИ МЕНГЕРГЕН МЕЖЕ

Жалпы, қай саланың да өрлеуі тілмен қатар жүретіні анық. Кейінгі жылдары еліміз жасанды интеллект жайына ден қойды. 2026 жылды Қазақстан Президенті «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағаны тағы бар. Осы тұста қазақ тілі жасанды интеллект саласында қарқынды дамып, цифрлық кеңістікте толыққанды іске қосу бағыты стратегиялық нәтижелерге жеткенін мақтанып айта аламыз.

Қазір қазақ тілімен байланысты отандық төл тілдік мо-

дельдер бар. Назарбаев университеті жанындағы ISSAI (Smart Systems and Artificial Intelligence Institute) институты отандық KAZ-LLM (Large Language Model) үлкен тілдік моделін жасап шығарғанын көбі білмес. Ол жүз миллиардтан астам мәтін бірлігінен құралған үлкен корпусты оқытылған. Модель қазақ, орыс, ағылшын және түркі тілдерін жетік меңгерген. Сол секіл-



Әрбір жаңа тіл адамға жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Тіл білу – тек қарым-қатынастың құралы емес, ой-өрісті кеңейтетін, білім мен тәжірибені молайтатын үлкен артықшылық.

ішінде қазақ тілінің мәртебесіне ерекше тоқталды. Бұған қоса, Жаңа Конституция жобасында мемлекеттік тілдің орны нақты көрсетілгенін тілге тиек етті.

— Жаңа Конституция жобасында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп нақты жазылған. Бұл ретте ана тіліміз тек көркем әдебиетте ғана емес, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің барлық саласында кеңінен қолданылады. Ең маңыздысы, жастар арасында қазақша сөйлеу сәнге айналды. Басқаша айтқанда, қазақ тілінің болашағы жарқын», — деді Президент.

Әйтсе де, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жастары бірнеше тілді меңгеруге толық мүмкіндік алғанын жеткізді. Сонымен қатар еліміздің аумақтық тұтастығын сөз еткен Мемлекет басшысы жаңа Конституцияның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің заңдық күші бірдей

ғаламдық жүйелермен интеграция да жақсарды. Қазір OpenAI-дың (ChatGPT), Google (Gemini) және Meta (Llama) сияқты әлемдік гиганттардың модельдерінде қазақ тілін түсіну және жауап беру сапасы айтарлықтай өсті. Көптеген отандық стартап осы ашық модельдерді қазақша деректермен қайта оқытып, қолданысқа енгізіп жатыр. Бұл бағыттарды сөз етуіміз бекер емес. Себебі жаңа технологиялармен қатар дамыған тілдің келешегі жарқын болары хақ.

БІРЕГЕЙЛІК БАҒДАРЫ

Осы тұста біз елімізде өмір сүріп жатқан этнос өкілдерін де назардан тыс қалдырмадық. Соның бірі — Қызылорда өңірлік Журналистер клубының төрайымы Елена Рыбина. Қазақ тілін өз ана тіліндей білетін оның сөзінше, Қазақстандағы әрбір азамат мемлекеттік тілге, рәміздер мен мәдениеттерге құрметпен қарап, заң мен тәртіпті сақтап, қоғамдық келісім мен бірлікті қолдауға тиіс. Егер осыны өмірлік ұстанымына айналдырып, ел игілігі үшін адал еңбек ете алса — шынайы мемлекетшілдіктің көрінісі саналмақ.



— Қазақ тілі — мемлекеттік тіл, ұлттық болмысымыздың, мәдениетіміз бен рухани сабақтастығымыздың негізі. Мемлекеттік тілді құрметтеу, оны меңгеруге ұмтылуды әрбір азаматтың парызы санаймын. Дегенмен «неше тіл білсең, сонша адамсың» деген тағылымды сөз бар. Әрбір жаңа тіл адамға жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Тіл білу — тек қарым-қатынастың құралы емес, ой-өрісті кеңейтетін, білім мен тәжірибені молайтатын үлкен артықшылық. Мемлекеттік тілді жетік меңгерумен қатар, өзге тілдерді үйрену арқылы біз бәсекеге қабілеттілігімізді арттырып, әлеммен еркін байланыс орната аламыз, — дейді Елена Рыбина.

Түйіндей келгенде, Қазақстан халқы тілдері күні — жай атаулы күн емес, өзара түсіністік арқылы біртұтас ел болуға үндейтін дата. Еліміздің кез келген азаматы мемлекеттік тілге құрметпен қарай отырып, өзге тілдерді де меңгеріп, мемлекеттің бірегей ұстанымына өз үлесін қоса алады. Осындайда Қадыр Мырза Әлидің «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген сөзінен асырып ештеңе айта алмасымызды ұғамыз.

5 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Қазақ тілі бүгінде тек күнделікті қарым-қатынас құралы болып қана қоймай, цифрлық әлемде де қанатын кеңге жайып келеді. Соның бір дәлелі – қазақ тілін жасанды интеллектіге бейімдеу, сапалы цифрлық қор қалыптастыру, аудио мен мәтінді тану жүйелерін жетілдіру және әлемдік білім платформаларындағы қазақша контенттің үлесін арттыруға бағытталған жобалар. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен OpenAI компаниясының бірлескен бастамасы бұл бағыттағы жұмысты жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Соның нақты нәтижелері Астанада өткен арнайы жиында таныстырылып, қазақ тілін цифрлық кеңістікте дамытуға бағытталған жобаның бүгінге дейінгі жетістіктері сараланды. Astana Hub-та ұйымдастырылған жиынға халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы, «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин, қоғам құрылтайшылары, орталық кеңес мүшелері, депутаттар, IT-сарапшылар мен тіл мамандары қатысты. Бұл бастама Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен OpenAI арасында 2025 жылғы 7 қарашада Вашингтонда жасалған келісім аясында жүзеге асып келеді. Жобаның негізгі мақсаты – сапалы цифрлық контент пен сенімді деректер қорын қалыптастыру арқылы үлкен тіл модельдерінің қазақ тіліндегі жұмыс сапасын арттыру.



Қазақ тілінің

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІГІ КЕҢЕЙЕДІ

лемдегі деректер қажет болды. Оның ішінде мәтіндер, аудио-файлдар және басқа да материалдар бар. Біз осы жұмысты өз мойнымызға алдық. Техникалық тілмен айтқанда, 10 млрд-тан астам токен жиналды. Олардың қатарында қазақ тіліндегі сан алуан мәтіндер, аудиофайлдар мен суреттер бар. Енді осы деректердің негізінде ChatGPT-ді қайта оқытып жатырмыз, — деді Рауан Кенжеханұлы.

ЖИ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАНШАЛЫҚТЫ БІЛЕДІ?

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен OpenAI компания-

тардан тазартылған. Сонымен қатар қазақ тіліне бейімделген транскрипция модельдері қолданысқа енгізіліп, мәтінге айналдыру дәлдігі 85%-дан 98%-ға дейін жетті, — деді Анар Құрманжанқызы.

Ол қазақ тіліне арналған цифрлық құралдардың мүмкіндігіне де тоқталып, бұл бағыттағы жұмыс тек мәтін мен дыбысты жинақтаумен шектелмейтінін айтты. Спикердің айтуынша, қазақ тіліндегі мәтінді жоғары дәлдікпен танитын OCR жүйесі, газет, кітап және PDF құжаттарының құрылымын ажырату, көпбағанды беттерді дұрыс ретпен оқу, сондай-ақ деректерді тазарту тетіктері әзірленген. Сонымен қатар жасанды интеллектінің қазақ тілінде дұрыс сөйлеуі ғана жеткіліксіз екенін, оның қазақ халқының тарихын, дәстүрін, тұрмыс-тіршілігі мен мәдени ерекшеліктерін де түсінуі маңызды екенін жеткізді. Осыны тексеру үшін 500 сұрақтан тұратын арнайы тапсырмалар жинағы әзірленген. Жоба аясында осының бәріне үлкен тілдік модельдердің білім деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін AI Evaluation Benchmark Suite атты жеке жүйе де әзірленді.

— Сұрақтар қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен этнографиясына қатысты. Осы сынақтан GPT-5.6 Тегга моделі де өтті. Оның дұрыс жауап беру көрсеткіші 35,92%-ды құрады. Жасанды интеллектіні тексеруге арналған жүйеде бұдан бөлек қазақ тіліндегі мәтінді түсіну, грамматиканы дұрыс қолдану, табиғи сөйлеу, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді пайдалану, аударма жасау және қауіпсіз жауап беру қабілеті де бағаланады. Бағалау жүйесі ағылшын тілінен аударылмай, қазақ тілінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, тікелей қазақ тілінде құрастырылды, — деді жоба жетекшісі.

Алдағы уақытта 500 сұрақтан тұратын бұл сынақ жүйесін ғалымдар мен зерттеушілерге қолжетімді ету жоспарланып отыр.

COURSERA-да ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЯСЫ ҰЛҒАЙДЫ

Жиында цифрлық білім беру кеңістігіндегі қазақ тілінің үлесі де сөз болды. Bilim Upskill компаниясының атқарушы директоры Әсел Мұхамеджанова Coursera платформасында қазақ тілінде қолжетімді курстар саны 8 мыңнан асқанын айтты. Бұл платформадағы барлық курстың шамамен 40 пайызын құрайды. «Coursera — қазақ тілінде» жобасы 2023 жылы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен басталған. Алғашында оған өңір-

Оның жартысы қазақ тілінде. Бұл курстарға 15 мыңнан астам студент тіркеліп, 11 мыңнан астам сертификат берілген.

ТЕХНОЛОГИЯ ТІЛГЕ БЕЙІМДЕЛУІ КЕРЕК

«Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин қазақ тілінде жасанды интеллектіні пайдалану тиімділігі әлі де шешуді қажет ететін мәселе екенін айтты. Оның айтуынша, қазақ тілінде қойылған сұраққа жауап алу ағылшын және орыс тілдерімен салыстырғанда қымбатқа түседі. Бұл айырмашылықты азайту үшін инфрақұрылымдық және технологиялық шешімдер қажет. Сондай-ақ қазір қазақ тілінде жасанды интеллектіні пайдалану тиімділігі жағынан мәселе бар. Ол мәселе мынау: қазақ тілінде қойылған сұраққа жауап алу ағылшын тілімен салыстырғанда үш есе, ал орыс тілімен салыстырғанда екі есе қымбатқа түседі. Сондықтан қазір осы айырмашылықты азайтып, қазақ тіліндегі жасанды интеллектінің тиімділігін арттыру бағытында бір топ азамат жұмыс істеп жатыр. Бұдан бөлек, ол «Қазақтелеком» компаниясының жасанды интеллектідегі қазақ тілінің сапасын жақсартуға өз үлесін қосуға дайын екенін жеткізді. Осы ретте Екібастұзда салынып жатқан үлкен деректер орталығының мүмкіндіктерін қазақ тілін дамыту үшін пайдалануға әзір екенін де жеткізді. Ол қазақстандықтардың жана технологияларды тез игеретінін, бұл қазақ тіліндегі жасанды интеллект құралдарының сапасына да ықпал ететінін назардан тыс қалдырмады.

— Қазақ халқының бір жақсы жері — біз технологияны игеру жағынан өте икемдіміз. Кез келген технологияны тез пайдаланып кетеміз. WhatsApp, Telegram, қазір, міне, ChatGPT келіп жатыр. Оны құрал ретінде көп қолданғандықтан, сапасы да жақсара түседі. Күнделікті пайдалануға ChatGPT мүмкіндігі жеткілікті. Алайда технологиялық тақырыптарды, қазақ мәдениетіне қатысты мазмұнды немесе Абайдың қара сөздерін талдау кезінде мағына басқа жаққа ауытқып кетуі мүмкін. Сондықтан қазақ тілін терең меңгерген мамандар мен технология саласы өкілдерінің бірлесіп жұмыс істеуі маңызды. Бізде «AI-өріптес» деген жоба бар. Бұл әрдепартаментте, құжат айналымында чат-бот ретінде жұмысты меңгеріп, көмектесетін құрал болмақ. Оны біртіндеп «Самұрық-Қазынан» барлық компаниясына енгізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ министрліктерге де енгізуге болады, бірақ бұл бағытта ЖИ министрлігі де жұмыс істеп жатыр деп ойлаймын. Ал біз әкімдіктерге де, министрліктерге де ұсынып көреміз, — деді Бағдат Мусин.

Жиында айтылған деректер қазақ тілінің жасанды интеллект кеңістігіндегі орны біртіндеп нығайып келе жатқанын көрсетті. Мамандардың пікірінше, тілдің цифрлық қорын кеңейту, оны технологияға бейімдеу және ұлттық мәдени контексті сақтай отырып дамыту — алдағы жылдардағы маңызды міндеттердің бірі. Өйткені жасанды интеллект дәуірінде тілдің өміршеңдігі оның күнделікті қолданысымен де, цифрлық жүйелердегі сапалы көрінісімен де өлшенбек.



Жиында сөз алған «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы қазақ тілінің жасанды интеллект дәуірінде толыққанды қолданылуы үшін тілдің бай қорын цифрлық кеңістікке енгізу жеткіліксіз екенін атап өтті. Оның айтуынша, жасанды интеллект қазақ тілін тек сөзбе-сөз түсініп қана қоймай, оны табиғи қолдануы, ұлттық мәдени контексті ескеруі керек.

— Біз қазақ тілінің қолданысы, оны зерттеу және оқыту әдістемесін жетілдіру мәселесін ғылыми ортада да, тіл жанашырлары арасында да жиі талқылаймыз. Мемлекеттік қызмет саласында да бұл тақырып аз айтылып жүрген жоқ. Енді қазақ тілінің бизнес пен технологиядағы қолданысын кеңейтуге ерекше мән беруіміз керек. Кез келген қолға алынған іс жолда қалып қоймай, тұрақты дамып, нәтижелері өсіп келеді. Осы бағытта OpenAI компаниясымен тығыз ынтымақтастық орнаттық. Жұмыс барысында оларға қазақ тіліндегі үлкен кө-

сының бірлескен жобасының жетекшісі Анар Құрманжанқызы қазақ тілінің цифрлық қоры едәуір кеңейгенін жеткізді. Жоба аясында мәтіндік корпус, аудио-деректер қоры, транскрипция модельдері, Document AI және NLP құралдары әзірленіп жатыр. Сонымен қатар жасанды интеллектінің қазақ халқының тарихы мен мәдениетін қаншалықты білетінін тексеруге арналған арнайы бағалау жүйесі де жасалған.

— Қазақ тілінің мәтіндік корпусы 14 миллиард токенте жетті. Ондағы материалдар тақырып, жанр және жас ерекшеліктері бойынша жіктелген. Корпусқа қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерін қамтитын мазмұнмен бірге шетелдегі қазақ диаспорасының тілдік мұрасы да енгізілді. Қор білім, ғылым, технология, экономика, құқық, медицина, тарих, этнография, медиа және балалар контентін түгел қамтиды. Қазақ тіліндегі аудиодеректер қоры 12 мың сағатқа жетті. Барлық жазба сыртқы шу, музыка және басқа да артық дыбыс-

СЕРПІН

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



Шымкент қаласының Қаратау ауданында халық санының өсуі мен жаңа тұрғын алаптарының қалыптасуына байланысты инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға қойылатын талап та артып келеді. Бүгінде 340 мыңнан астам тұрғын мекендейтін ауданда ауызсумен қамту, электр энергиясы, кәріз жүйесі, газдандыру, санитарлық тазалық, көгалдандыру және абаттандыру мәселелері кешенді түрде қолға алынған. Шымкент қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифинг барысында Қаратау ауданының әкімі Алмас Емелтайұлы инфрақұрылымды дамытудағы негізгі мақсат елді мекендерді инженерлік желілермен қамтып қана қоймай, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі жайлы экологиялық орта қалыптастыру екенін айтты.



лыммен қамту жұмыстары да жалғаса береді. Газдандырумен қатар, электр желілерінің сенімділігін арттыру мәселесіне де басымдық берілген. Бүгінде ауданның электр энергиясымен қамтылу көрсеткіші 99 пайызды құрайды. Мәртөбе және Сайрам тұрғын алаптарында 12,3 шақырым электр желісін ауыстыру және 7 трансформатор орнату жоспарланған. Қазір оның 9 шақырым желісі жанар-тылып, 6 трансформатор орнатылған.

Қаратау ауданында орталықтандырылған кәріз жүйесімен қамту көрсеткіші 46 пайызды құрайды. Сондықтан бұл бағытта атқарылатын жұмыс көлемі әлі де ауқымды. Мирас-1 және Мирас-2 шағынаудандарында орталық кәріз жүйесін тарту бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Кәріз жүйесін дамыту — ең алдымен, қоршаған ортаны қорғау, жерасты сула-

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРДІ

Қаратау ауданының аумағы 19,5 мың гектарды құрайды. Мұнда 19 елді мекен, 896 көше, 32 мыңнан астам жеке тұрғын үй мен 668 көпқабатты үй орналасқан. Сонымен қатар ауданда 281 әлеуметтік нысан мен 37 демалыс орны бар. Мұндай ауқымды аумақты сапалы коммуналдық инфрақұрылыммен қамту жүйелі жоспарлауды қажет ететін маңызды міндет.

Қаратау ауданындағы инфрақұрылымдық саясаттың негізгі бағыттарының бірі — тұрғындарды сапалы ауызсумен тұрақты қамтамасыз ету. Қазір ауданның ауызсумен қамтылу деңгейі 99 пайызға жетті. Бұл көрсеткіш инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстардың



дың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету де өзекті.

Қаратау ауданындағы инженерлік инфрақұрылымды дамытудың тағы бір маңызды бағыты — газдандыру. Тұрғын үйлерді табиғи газбен қамтамасыз ету тек тұрмыстық қолайлылық мәселесі емес, сонымен бірге қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтудың маңызды тетігі. Аудан аумағында халық саны мен тұрғын үй қоры ұлғайған сайын газ желілерін кезең-кезеңімен кеңейту, жана елді мекендер мен шағынаудандарды инженерлік инфрақұры-

рының ластануына жол бермеу және санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды.

Қоршаған ортаны қорғау тек инженерлік желілерді жаңартумен шектелмейді. Қоғамдық кеңістіктердің тазалығы, көгалдандыру, абаттандыру және қалдықтарды басқару мәдениеті де осы бағыттың маңызды құрамдас бөлігі. Қаратау ауданында санитарлық тазалық, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Биыл аудан аумағында қосымша 10 гүлзар салу жоспарланып, оның бесеуі аяқталған.

Қаратау ауданында инфрақұрылымдық жаңғырту жұмыстары жол және жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын да қамтиды. Ауданда 896 көшенің жалпы ұзындығы 753 шақырымды құрайды. Биыл 132 көше мен өткелге асфальт төсеу жоспарланған. Қазіргі уақытта оның 48-інде жұмыс аяқталған. Сонымен қатар сегіз елді мекенде жалпы ұзындығы 27 шақырым аяқжол салу көзделген. Бүгінде 22,5 шақырым тротуар пайдалануға берілді. Жауын-шашын кезінде су жиналатын аумақтарда 22 ирригациялық нысан салу жоспарланып, оның 14-і аяқталған.

Бұл жұмыстар да экологиялық және санитарлық қауіпсіздікпен тікелей байланысты. Жауын суын тиімді бұру жүйесінің болуы көшелердің бұзылуын азайтып қана қоймай, тұрғын үйлер мен қоғамдық аумақтарды су басу қаупінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Ауданда 896 көшенің жалпы ұзындығы 753 шақырымды құрайды. Биыл 132 көше мен өткелге асфальт төсеу жоспарланған. Қазіргі уақытта оның 48-інде жұмыс аяқталған.

нәтижесін көрсетеді. Сонымен бірге жана құрылыс аумақтарының пайда болуына байланысты су желілерін кеңейту қажеттілігі де сақталуда. Достық тұрғын алабындағы «Теміржолсу Арыс» ЖШС-ға тиесілі ауызсу жүйелері мемлекет меншігіне қабылданды. Ал Шапырашты тұрғын алабындағы су жүйелерін коммуналдық меншікке өткізу жұмыстары жүргізілуде.

Таскен, Сайрам тұрғын алаптары мен Гидрогеолог ша-

ғынауданының жаңа құрылыс аумақтарын мемлекеттік ауызсу жүйесіне қосу бойынша жобалау жұмыстарының қолға алынуы да халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Мұнда мәселе тек су құбырын тартумен шектелмейді. Қаланың шеткі аумақтарындағы халық санының өсуін ескере отырып, су жүйелерінің өткізу қабілетін арттыру, желілердің техникалық жағдайын жақсарту және олар-



АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Қабдеш Жұмаділов – тағдырлы тарихты көркем сөзге айналдырып, ұлт жадын әдебиетке аманаттаған қаламгер. Жазушының мерейтойына орай ұлы Арман Қабдешұлымен әке болмысы жайында, оның көпшілік біле бермейтін бейтаныс әлемі туралы әңгімелестік. Әке туралы естелік арқылы қаламгердің адамдық әлеміне үңіліп, ұрпағына қалдырған рухани мұрасын сөз еттік.

Арман ҚАБДЕШҰЛЫ:

ӘКЕМ

өзіне жүктелген миссияны ТОЛЫҚ ОРЫНДАДЫ

— Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдырын» оқырман жақсы біледі. Ал жазушының өзі тағдыры туралы отбасына, балаларына жиі айтатын ба еді?

— Әкеміз өзінің бала шағынан бергі өмірінің қызық-қызық эпизодтарын бізге жиі айтып отыратын. Әсіресе Малдыбай қыстауында, Шәуешек шаһарында оқушы кезінде басынан өткен оқиғалары мен сол елдің адамдары жайлы, олардың қызық мінезі туралы әңгімелерді ерекше бір сүйіспеншілікпен, сағынышпен айтатын. Солардың бәрі дерлік әкеміздің шығармаларында кездеседі. Қарап отырсам, бір шығарманы жаза отырып, сондағы кейіпкерлер мен оқиғаларды алдын ала бізге баяндап отырған екен.

Ал оның Қазақстанға қалай оқуға келгені, Әуезовпен кездесуі, Қытай мен КСРО арасындағы қарым-қатынастың суып, Шыңжаңға оралуы, мәдени төңкеріс кезінде басына іс түсіп ұлтшыл атанып, қалай «енбекпен түзетуге» түскені туралы біз кейінгі «Таңғажайып дүние» атты өмірбаяндық шығармадан оқып, арадағы көп нәрсені сұрап қанық болдық. Өзі айтып отыратын еді: «Сол кезде мен көктей орылып кетуім мүмкін еді. Бірақ Жаратушы маған ерекше бір миссия жүктеді. Аман қалғаным, соны орындауым керек болған шығар», — деп.

— Жазушы бір сөзінде: «менің азаматтық қызметім мен шығармашылық қызметімді екі бөліп айту керек» деген екен. Азаматтық қызметін көзбен көрген шығарсыз. Ол кісі 1962 жылғы көшке ерен еңбек етті. Сол көштің бұйдасын ұстап, елге бастап келген адам. Бұл туралы үйде, отбасында әңгімелен берді ме?

— Мен ес білгелі үйден қонақ үзілмейтін. Солардың бәрі — қыр адамдары. Біреулері аттанып жатса, енді біреулер келіп жататын. Талай туыстарымыздың баласы біздің үйде жатып оқыды. Енді ойлап қарасам, сол берекенің бәрін келтіріп отырған Сәуле шешеміз екен. Күнде кешке жұмыстан үйге келе сап қазан асып ас дайындап отыратын. Ал абырсабыр басылып, қонақтар сиреген соң әкеміздің шығармаларын мәшинкеге басатын. Жеке уақы-

тының, демалыстың есебінен реттейтін еді. Ол кезде компьютер деген атымен жоқ. Әкеміз шығарманы «чистовикке» көшіріп, басып шығаруға беру үшін үш-төрт рет қолмен көшіріп, сосын бір-ақ береді. Анамыз да оны кем дегенде екі рет қайта басып шығарады. Сол анамыз әкеміздің «Қаздар қайтып барады» «Таңғажайып дүниеге» дейінгі барлық шығармаларын өзі мәшинкеге басты. Сондықтан да әкеміз «Таңғажайып дүние» өмірбаяндық романын «Бұл кітабымды жарлық-жақсыбай кезімде етегімнен ұстаған, алтындай бес бала сүйгізіп, отбасын бақытқа кенелткен, ала қағаздың азабын бірге бөліскен өмірлік серігім Сәулеге арнаймын» деп, анамызға арнап қалдырды.

Үйге келген қонақтардың әңгімесі сол көштің айналасындағы оқиғалар туралы өрбитін. Арғы жақта қалып қойғандардың тағдыры, бері өткендердің жағдайы, Шығыс Түркістандағы үш аймақ көтерілісі сияқты тұнған бір тарихи оқиғалар тізбесін кішкентайымыздан бойымызға сіңіріп өстік. Қайтарынан үш апта бұрын «Жарқын жүзделу» деген телебағдарламаға түсіп жатып: «Жалпы, менің ұлт алдындағы қоғамдық қызметімнің шыңы 1962 жылғы көш деп есептеймін. Өлетін болсам, жан тәсілім етер алдында сол көшті еске алып өз-өзіме разы боп өлетін шығармын» деген екен.

— Аға бір әңгімесінде анасының мықты адам болғанын сүйіспеншілікпен айтқан екен. Анасының 12 жасында Ертісті жүзіп өткені туралы да естелігі бар. Сіздер (балалары) әжелеріңізді көрдіңіздер ме?

— Құдайға шүкір! Көрдік. Апамыз Қанипа Егінбайқызы 1977 жылы қайтыс болды. Мен ол кезде 11 жастамын. Кенже бауырым Жәнібек ол кезде екіде, «апа, шәй іш» деп ол кісіні қолынан жетектеп дастарханға әкелетін.

— Қаламгердің «шығарма жазылмайды, туады» дейтін сөзі бар. Ол кісінің шығармаларымен қалай таныстыңыздар?

— Әкеміздің жазушы екенін бастауыш сыныпта білдік. Кітаптың ішінде әкеміздің суретін

танып мәз болатынбыз. Кейін есейгенде әкеміздің өзі не жазып жатқаны туралы айтып беретін болды. Жоғарыда айтқандай, шығарманың кейбір сюжеттерімен алдымен біз таныс болатынбыз. Ал әкеміздің «шығарма жазылмайды, туады» деген ұстанымы — жазушының өз тақырыбына үлкен дайындықпен келуі тиіс дегені.

Әкеміздің қай шығармасын алсаңыз да, барлық тақырыптар не өзінің тағдырымен, жан дүниесімен байланысты дүниелер, не туғанынан сол оқиғаларға қанық боп өскені көрініп, өзінің ішкі дүниесінің жаңғырығы іспеттес.

— «Тағдыр», «Дарабоз», «Соңғы көш». «Соңғы көш» романы қазақ әдебиетінде үлкен құбылыс болды. Сынып Әмірхан Меңдеке «Соңғы көш» туралы «Қабдеш Жұмаділовте Әуезов тілінің мәдениеті бар» деп айтады. Әуезов жазушының құрмет тұтқан аяулы ұстазы болды. Одан бөлек, ол кісі өзге ұстаздары туралы не айтатын еді?

— Әкеміз 1936 жылы Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы Шәуешек шаһарына 60 шақырым жерде тұрған Малдыбай ауылында дүниеге келген. Өз әкесі Жұмаділ ел ішінде сыйлы, өз қаражатына мектеп (Күдері мектебі) салдырған, ағартушылық іске үлес қосқан дәулетті адам болған. Атасы Күдері өз руының биі болған. Ал өзі оқыған Шәуешек гимназиясында, қаланың өзінде жергілікті және советтен ауып келген Алаш зиялылары қызмет етіп жүрді. ҚХР құрылып Кеңес өкіметінің қолдауын алғаннан соң Шәуешекке қазақ әдебиетінің небір үлгілері келе бастады. Сондықтан да әкеміздің дүниетанымы мен құндылықтар жүйесі сол кездегі қазақ әдебиетінің және Алаш ұстанымдарымен қалыптасты. Әкеміздің публицистикасын қарасаңыз, қоғамдағы өткір мәселелерге тайсалмай баруы — соның арқасы. Сонымен қатар Шыңжаң өлкесінің қазақтары большевиктердің тепкісін көрген жоқ. Байырғы көшпенділердің басты ұстанымы «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» деген принциппен өмір сүрген қазақтар басынан сөз асырған

жоқ. Дегенінде тұрды. Ар, намыс, иман — Шыңжаң қазақтары іс-әрекетінің басты мотивациясы. Шәуешек сол кезде бүкіл Шығыс Түркістанның рухани орталығына айналды. Сондықтан да әкеміздің басты ұстаздарының бірі орта мен заман болды.

Айтпақшы, әкеміз тұңғыш шығармаларын өлеңмен бастаған. Қажығұмар Шабданұлымен алғашқы кездесуі кезінде сол кісі елдің тағдырын сыйдыра алатын прозаға көшуге кеңес берген екен.

— Тұрсын Жұртбайдың әдемі сөзі бар: «Қабдеш аға әдебиетке «тағдыр» әкелді», — дейді. Жазушының әдебиеттегі тағдыры туралы не айтасыз?

— Әкеміз өзін жастайынан әдебиетке дайындады. Бірақ жас жазушының қазақ әдебиетіне келуі оңай болған жоқ. Ол кезде қазақ зиялыларының арасында Мәскеудің таратып кеткен дерті — топшылдық пен рушылдықтың асқынған кезі. Қандай да бір «данышпан» жазушының тобына кірмесең, онда күнін қараң. Ол туралы әкеміздің ғұмырнамалық романы «Таңғажайып дүниеде» кеңінен айтылады.

Қабдеш Жұмаділов — қазақ әдебиетіне тұңғыш рет Қытай қазақтарының тағдыры туралы тақырып әкелген жазушы. Ол кезде советте Қытайда қазақтың барын біле бермеген. Бұл тақырыпта жазылған тұңғыш шығарма — «Қаздар қайтып барады» деген әңгіме. Тақырыптың алғашқы апробациясы десе де болады. Халық пен цензура жақсы қабылдаған соң «Көкейкесті» романынан кейін 1974 жылы «Соңғы көштің» 1-томы жарық көрді.

Ал бұл шығарманың басылуы оңай болған жоқ. «Арғы беттегі Қытай қазақтарының тағдыры СССР-дің сыртқы саясатына қалай келер екен?» деп күмәнданатындар болды. Сондықтан да КГБ-ның ұсынысы бойынша шығарма орыс тіліне аударылып, Ленинградтағы Шығыстану Институтына жіберіледі. Шүкір, жарты жылдан соң сол институттың берген жағымды пікірімен «Соңғы көш» алғаш рет «Жұлдыз» журналында жарық көрді.

Міне, осындай кикілжіңдер адамның жүйкесін тоздырады, шаршатады. Әкеміздің әдеби жолы оңай болған жоқ дейтінім де сондықтан. «Менің өзім Жазушылар одағына мүшелікке өтуде бір рет секретариаттан құлап барып өрен өткенмін. Әйтпесе сол кезде бір үлкен романым, бір кітап әңгімелерім, бір кітап болып өлеңдер жинағым шыққан еді», — деп еске алғаны бар үйде. Әкеміз үнемі халықтың, әділдіктің жағында болды. Сол үшін де талай қиындықтарды басынан өткізді. Сыйлықтан, «стипендиядан» қағылу әдетке айналған. Өйткені әкеміз билікке жағынған жоқ. Әкемізге талай рет «билік туралы бір ауыз жылы сөз жазсаңыз, атақ та, данқ та, дүние де болады» деген ұсыныстар түсіп жатты. Бірақ әкеміз ешкімге иілмеді. Билік партиясы өз қатарына мүше боп кіруін сұрағанда, әкеміз: «мен және менің кейіпкерлерім өз алдына бөлек партиямыз» деп жауап берген.

— Қаламгердің қаламынан он роман, 21 повесть туды. 70-тен астам әңгіме жазған. Бүкіл шығармалары көзі тірісінде оқырманына жете алды ма?

— Ондай сұрақты анамыз да қойған. Әкеміз 2020-21 жылдары жинақтарын дайындап отырып,

өз қаламынан туған кітаптарын түгелдей қайта оқып шыққан. Сонда анамыз «Қалай, өзгеріс еңгізем деген жерлері бар ма екен?» деп сұрағанда: «Жоқ. Бәрі де шетінен шедевр. Шығармаларымның бір сөзін де өзгертпеймін. Құдай құлағыма қалай сыбырласа, сол күйінде қалады», — деп күліп жауап берген еді. Ол жазам дегенінің бәрін көзі тірісінде жазып та, айтып та кетті. Еш өкініші жоқ. Ол өзі туралы «Мен арманы жоқ жазушымын» дейтін еді. Өзіне жүктелген миссияны толық атқарды деп ойлаймын.

— Жазушының шығармалары туралы зерттеу жасалды ма? Ағаның жоқтаушылары кім?

— Қазір әкеміздің шығармашылығы зерттеу нысанасына айналды. 2000 жылдардан бері 2 кандидаттық, бір докторлық диссертация қорғалды. Руда Зайкенова — белгілі жазушы Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығын жан-жақты зерттеген қабдештанушы ғалым. Ол 2010 жылы «Қабдеш Жұмаділов шығармашылығы: ұлт тағдыры және көркем шындық» атты докторлық диссертация қорғап, жазушының романдары мен әдеби мұрасын ғылыми тұрғыдан терең зерделеді. Сонымен қатар ғалым қаламгердің өмірі мен еңбектері туралы «Дарабоз жазушы» баяндамаларын жасап, мақалалар мен естеліктер жазуда.

Биыл әкеміздің туғанына 90 жылдығына орай Үкімет оның туған күнін Республика көлемінде атап өту туралы шешім қабылдады. Мәдениет министрлігі 80-нен аса іс шара жүргізуді жоспарлаған. Соның ішінде биылғы жылғы «Бір ел — бір кітап» бағдарламасы бойынша Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы ұсынылды. Ең бастысы, әкеміз «Тарихи тұлға» категориясына кірді. Бұл дегеніңіз — енді жазушының атын түрлі нысандарға беріп, ескерткіш тұрғызуға болады деген сөз.

Биыл жазда Абай облысы әкімшілігінің қолдауымен Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің 90 жылдығы кеңінен атап өтілді. Ол үшін облыс әкімі Берік Үлгіге алғысымыз шексіз. 90 жылдыққа арнап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті Баспагерлік, редакторлық және дизайн-ерлік өнер кафедрасының ұйымдастыруымен халықаралық конференция болып өтті. Әкеміздің шығармаларын насихаттап, атын есте қалдыруға, ескерткіш орнату үшін арнайы «Қабдеш Жұмаділов» қоры құрылды.

— Ұрпағының арасында қалам ұстағандар бар ма?

— Жалпы, біз үйде математиктер мен гуманитарилер болып бөлінеміз. Тікелей әдебиетші боп кетпесек те, мен тарих саласында ғылыми еңбектер жазып жүрдім. Бауырым Дәулет — журналистика ісінің шебері. Он жыл Лондонда Би-Би-Сидің қазақ редакциясын басқарды.

— Қабдеш Жұмаділов мектебі жалғасып жатыр ма?

— Әрине! Бұл классик жазушылардың соңғы тұяғы десе болады. Оның шығармалары әлі талай жас әдебиетшілерге серпін беріп, ой қозғайды. Қабдеш Жұмаділов — ешқашан банкрот болмайтын жазушы. Оның шығармалары әрқашан өз оқырмандарының жүрегіне жол табады.

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

ӨЛКЕ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Таза ауызсуға қолжетімділік кез келген елді мекеннің әлеуметтік жағдайын айқындайтын негізгі өлшемнің бірі саналады. Кейінгі жылдары Қызылорда облысында бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып, жүздеген шақырым су құбыры тартылғаны жария болды. Алайда кей ауылдарда тұрғындар судың түсіне, дәміне, иісіне және қысымының төмендігіне әлі де алаңдаулы. Бұл ретте «ауызсумен қамтылды» деген ресми көрсеткіш пен халықтың күнделікті тұрмысы қаншалықты сәйкес келеді деген сауал туындауы заңдылық.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Негізінен, ауызсу сапасы халықтың денсаулығы мен елді мекеннің әлеуметтік жағдайын айқындайтын негізгі мәселенің бірі ретінде қарастырылады. Ертеректе тіршілік нәрінен тапшылық көрген ауылдардың қарасы қалың болатын. Күнделікті тұтынатын суын құдық пен көшелердегі құбырлардан тасып ішетін қиын-қыстау кезең көптің есінен шыға қоймаған болар. Бұл сапасын айтпағанның өзінде бұқараның бір жұтым суға зәру кездері еді.

Кейінгі жылдары ауызсумен қамту мәселесі мемлекеттік саясаттың басым бағытының біріне айналып, соның негізінде бірқатар өміршең жоба жүзеге асырыла бастады. Бұған дейін әрбір облыс аумақтарының белгілі бір бөлігі орталықтандырылған су жүйесіне қосылмаған болса, бүгінде ірілі-ұсақты ауылдарға дейін ауызсу құбыры тартылды. Мұндай игілікті істің нәтижесін Сыр халқы да сезіне бастады.

Атап айтқанда, 2024 жылдың қорытындысымен облыс халқының ауызсумен қамтылу деңгейі 98,6 пайызды құраған екен. Сол жылдары тіпті бірқатар ауылда ішкі су құбыры мүлде болмай, тіршілік нәріне тапшылық сезіліп тұрды. Бұл уақытта облыс аумағындағы 11 елді мекенді ауызсумен қамтуға 2,7 млрд теңге бөлінгені мәлім болды. Оған 82 шақырым су желісі және 18,4 шақырым кәріз желісі жаңғыртылды. Бұл



СЫРДАҒЫ

жұмыстар жоғарыда айтып өткендей, ауыл тұрғындарының ауызсумен қамту деңгейін 98,6 пайызға жеткізуге сеп болды.

Мұндай жұмыстар өңірде 2025 жылы да жалғасты. Яғни былтыр жалпы құны 16,5 млрд теңге болатын жобалар аясында бірқатар елді мекеннің су мәселесін шешуге бағытталған жұмыстар атқарылды. Оның ішінде облыстың Арал ауданына қарасты Ақбасты, Абай, Тоқабай, Ермбетжаға, Тастүбек ауылдары топтық су құбырына қосылса, Қазалы ауданындағы Шөкен, Шиелі, Шитүбек, Сарбұлақ ауылдарына ішкі су жүйелерінің салынуы тұрғылықты халықтың талабынан туындаған маңызды шешім болды. Сонымен бірге Қазалы және Шиелі аудандарының бірқатар елді мекендеріне су тұщытқыш қондырғылар орнатылды.

Бір сөзбен айтқанда, 2025 жылы ауызсумен қамту саласында 24 жобаға 23,1 млрд теңге қаржы қаралған. Мемлекеттік органдардың дерегінше, бұл жоспарлы жұмыстар халықтың орталықтандырылған ауызсумен қамту деңгейін 100 пайызға жеткізген.

Жалпы, бүгінде облыс аумағында 4 қала және 222 елді мекен бар. Оның ішінде аудан орталығынан шалғайда орналасқан ауылдардың үлесі Арал мен Қазалы аудандарында басым. Осындай алыс ауылдарға ауызсу жеткізу жұмыстары ұзақ жыл бойы өзектілігін жойған емес. Бұған дейін Арал ауданына қарасты Ақбасты ауылындағы ахуал — осы сөзімізге толық дәлел. Нақты айтқанда, аталмыш ауыл тұрғындары ұзақ уақыт ауызсуды шахталық құдықтардан пайдалануға мәжбүр болды. Ақбастылықтардың айтуынша, ауызсу мәселесі

СУҒА

СЕКЕМ КӨП



көптен бері шешімін таппай келген. Тек 2025 жылы ғана бұл ауыл орталықтандырылған жүйеге қосылып, ахуал тұрақталғандай болды. Мұндай мысал өңірде аз емес.

Осы орайда «ауызсу құбыры тартылды, ал сапа қандай?» деген сауал көптің көкейін көлегейлеп тұрғаны жасырын емес. Яғни жоғарыда айтып өткен, 100 пайыздық көрсеткіш іс жүзінде мәселені түпкілікті шешіп тастады деуге келмейді. Өйткені бұл ретте су құбырының елді мекендерге жетуінен бөлек, тәулік бойы әр үйге сапалы әрі тұрақты су берілуіне қатысты мәселе қылтып көрініп қалады.

Бұл тұрғыда бірінші кезекте халық тарапынан ауызсудың сапасына қатысты айтылып жүрген сын-ескертпелер аз емес. Соның ішінде облыс орталығындағы Арай шағын ауданына қатысты су сапасы көп жылдан бері өзектілігін жоймай келеді. Арагидік болса да тұрғылықты халық құбырдан лай су ағып тұрғанын айтып, дабыл қағып жатады. Жауапты мекеме тарапынан мұны құбырды тазалау жұмыстары жүргізіліп жатқанымен байланыстырады. Алайда көп уақыт

өтпестен мұндай жағдай тағы көрініс табады. Бұл бірінші кезекте облыс орталығының өзінде ауызсу сапасына қатысты мәселенің түбегейлі шешімін таппай тұрғанын аңғартса керек.

Бұған қоса, былтыр облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тарапынан орталықтандырылған сумен жабдықтау нысандарынан микробиологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша тиісті деңгейде сынамалар алынып, бірқатар сәйкессіздіктер анықталғанын мәлімдеген болатын. Оның ішінде Қазалы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарында

салмақты арттыратыны байқалып жүр. Биыл жаз басталар тұста Қызылордада су қысымының төмендеуіне байланысты тұрғындардың жиі шағымдануы да осыны айғақтайды. Сол уақытта жауапты басқарма мұны жаз мезгілінде ауызсуға сұраныстың артуымен байланыстырғаны көптің жадында болар.

Өз кезегінде Қызылорда облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасынан ауызсумен қамту бағытында алдағы уақыт еншісінде атқарылар жоспарлы жұмыстары жөнінде сұрадық.

— Өңірде тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту және су бұру



жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл ретте елді мекендердегі инженерлік инфрақұрылымның жағдайын жақсарту, тозған су және кәріз желілерін жаңғыртуға басымдық беріліп келеді. Бұл бағытта 2026 жылы ауызсумен қамту және су бұру саласында жалпы құны 11,9 млрд теңгені құрайтын 7 жоба іске асырылуда. Аталған жобалар аясында қолданыстағы инженерлік желілерді жаңарту, олардың өткізу қабілетін арттыру және тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын жақсарту көзделіп отыр. Осы жобалар нәтижесінде өңірдегі су желілерінің тозу деңгейін 31 пайызға, ал кәріз желілерінің тозу деңгейін 30 пайызға төмендету жоспарлануда. Бұл өз кезегінде су жүйелеріндегі апатты жағдайлардың алдын алуға, қызмет көрсету сапасын арттыруға және елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта да ауызсумен қамту және су бұру саласындағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жалғасатын болады. Осы арқылы тұрғындарды сапалы әрі үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етіп, су бұру жүйелерінің сенімді жұмысын қалыптастыру және коммуналдық инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету басты мақсат саналады, — деді бұл жөнінде басқарма тарапы.

Жалпы, Қызылорда облысында тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жыл санап ауқымын кеңейтіп келеді. Дегенмен атқарылған жұмыстармен қатар олардың нақты нәтижесін тұрақты бақылау ұстау қажеттігі байқалады.

Сондықтан ауызсумен қамту саласында атқарылған әрбір жұмыс елді мекендерге су желісінің тартылуымен бірге халықтың тәулік бойы сапалы әрі үздіксіз ауызсуға қолжеткізуімен өлшенуге тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, 2025 жылы ауызсумен қамту саласында 24 жобаға 23,1 млрд теңге қаржы қаралған. Мемлекеттік органдардың дерегінше, бұл жоспарлы жұмыстар халықтың орталықтандырылған ауызсумен қамту деңгейін 100 пайызға жеткізген.

және Қызылорда қаласында сәйкессіз сынамалар анықталғаны жария болған еді. Мұның өзі ауызсуға қатысты атқарылар жұмыстардың әлі ауқымды екенін байқатады.

Сол сияқты өңірде су қысымына қатысты түйткіл де төбе көрсетіп қалады. Әсіресе жаз айларында су тұтыну көлемінің күрт өсуі елді мекендердегі су жүйесіне түсетін



ӨҢІРДЕ АТҚАРЫЛҒАН ОҢ ІСТЕР



Алматы облысын төрт жыл басқарған Марат Елеусізұлы облыс активінің алдында ауқымды жұмыстардың нәтижесін түйіндеді. Кездесу барысында ол аймақтың дамуына үлес қосқан әріптестеріне, құқық қорғау органдарына, аумақтық департаменттерге алғыс айтып, облыс тұрғындарына ризашылығын білдірді.

— Бүгін өңір басшысы ретінде сіздермен жүздесіп, бірге атқарған ауқымды жұмыстарымызды қорытындылайтын жауапты сәтте тұрмыз. Өздеріңізбен бірге Алматы облысы мен Жетісу облыстарын бөліп, жана өңір құрылған тарихи кезеңде жұмыс істедік. Аса жауапты кезеңде туған өңіріміз

басқаруды сеніп тапсырып, аймақтың өркендеп, дамуына үнемі қолдау білдірген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа алғысымды білдіремін. Сондай-ақ осы кезеңде жүзеге асырылған реформаларды дұрыс қабылдап, қолдаған өңір халқына да ризашылығым шексіз. Бұл осы

облыстың тумасы ретінде мен үшін, жалпы баршамыз үшін үлкен мүмкіндіктер уақыты болды, — деді ол.

Марат Сұлтанғазиев сондай-ақ бірлескен жұмыстың нәтижесі жемісті болғанын, соның арқасында өңір экономикасы еселеп артқанын жеткізді. Атап айтқанда, Алматы облысы экономикалық көрсеткіштер бойынша республикадағы үздік бестіктің қатарына берік орнығып, өңірдегі донор аумақтар саны екеуден жетіге артқан.

— Жетістіктерге жету жолында өздеріңізбен күш біріктіре отырып, өңір әлеуетін арттыру бағытында біртұтас ұжым болып, нәтижелі еңбек еттік. Барлық бастамаларымыз бен игі істерді жүзеге асыру жолында Үкімет пен Президент Әкімшілігінің де қолдауын сезіндік. Осы уақыт ішінде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлікте қызмет атқарған ұжымға және аумақтық департаменттерге, құқық қорғау органдарына да ризашылығым шексіз, — деді Марат Сұлтанғазиев.

Марат Сұлтанғазиевтің төрт жылдық басқару кезеңі әкімшілік бөліністен кейін өңірдің қалыптасуы және облыс орталығының Қонаев қаласына көшірілуімен тұспа-тұс келгенін айта кетейік. Осы уақыт ішінде облыс жалпы

өңірлік өнім көлемі бойынша елдегі оныншы орыннан көшбасшы бестіктің қатарына көтеріліп, экономикасын екі есеге жуық ұлғайтты және инвестиция көлемін екі еседен астам арттырды.

2022 жылы облыстың жалпы өңірлік өнімі шамамен 3,4 триллион теңгені құраса, бүгінде бұл көрсеткіш шамамен 6,8 триллион теңгеге жетті. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,6 триллионнан 2,6 триллион теңгеге дейін өсті. Оның шамамен 90 пайызы өңдеу өнеркәсібіне тиесілі.

Осы кезеңде негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 614 миллиард теңгеден 1,35 триллионға артты. Өңірде жалпы құны 724 миллиард теңгені құрайтын 98 жоба іске асырылып, шамамен 11 мың жұмыс орны құрылды. Бюджеттің меншікті кірістері 2,4 есе өсті, ал республикалық бюджеттен берілетін трансферттердің үлесі 33 пайыздан 13 пайызға дейін төмендеді.

Негізгі әлеуметтік мәселенің бірі халық санының жылдам өсуіне байланысты мектеп тапшылығы болды. 2022 жылы облыста үш ауысымды 52 мектеп болса, қазір олардың саны 23-ке қысқарды. Төрт жыл ішінде 75 мектеп ашылды. Сонымен қатар жаңа облыс орталығының инфрақұрылымы қалыптасты.

Қонаевта инженерлік желілер мен әкімшілік нысандардың құрылысы басталды. Төрт жыл ішінде облыста 3,7 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 6,6 мың азамат баспанамен қамтылды.

Алматы облысы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі бойынша Қазақстанда екінші орынды сақтап, республикадағы жалпы көлемнің 11,6 пайызын қамтамасыз етіп отыр. 2022-2025 жылдары мемлекетке пайдаланылмай жатқан 528 мың гектар ауыл шаруашылығы жері қайтарылды. Төрт жыл ішінде суару желілерін жаңғыртуға 16,3 миллиард теңге бағытталды, ал су үнемдеу технологиялары суармалы жердің 41,2 пайызына енгізілді.

Туризм саласы да айтарлықтай дамыды. Биылғы жаздың өзінде Қапшағай су қоймасына 2 миллионнан астам адам келді. Сонымен қатар Көлсай көлдері мен Қайыңдының, Көшпенділер қалашығының инфрақұрылымы дамып, танымал туристік нысандарға апаратын жолдар жөнделді. Алматы облысы ірі спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу алаңына да айналды. Бұл жұмыстар алдағы кезеңде де жалғасуға тиіс.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы еліміз бойынша мегажоба атанған еді. Аталған тас жол кәрі құрлық пен аспан асты еліне тікелей дәліз ашады деп көзделген. Жоба құрылысы жоспарлы кезеңде аяқталғанымен, жол бойындағы қызмет көрсететін кластер бүгінде сын көтермей тұр. Жолаушыларға әлі күнге санитарлық талабы күмәнді асханалар мен демалыс орындары қызмет көрсетіп тұрса, әжетханаларына аяқ аттап кіру мүмкін емес. Ал осы сапасыз қызмет түріне тағы ақы сұрайтынына не дерсің?

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жамбыл облысының 500 шақырымға жуық жерімен өтіп жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізімен тәулігіне мыңдаған көлік жүруде. Міне, осы жүргізушілерге сапалы жолдан бөлек, санитарлық талапқа сай тынығатын орындар керек. Бұл мәселені шешу үшін Жамбыл облысына тағайындалған әкімдердің барлығы түрлі жобалар ұсынды. Бірі жол бойынан сүт өнімдерін сататын орындар ашуды ұсынса, енді екіншілері бес жұлдызды қонақүй салу бастамасын көтерді. Алайда қандай жоба айтылса да сол айтылған жерінде қалып келеді. Қарапайым әжетхананы ретке келтіре алмай жатқанымыз жергілікті биліктің жұмысына үлкен сын. «Батыс Еуропа–Батыс Қытай» автожолымен күнделікті жүз деген туристер де өтіп жатады. Біздің жол бойындағы шыбыны үймелеген әжетханамызды көріп олар қандай күйде кетеді екен?

Мәселен, Қордай ауданындағы Қайнар өткізу пунктінде темір контейнерден кафе ашып қойса, қажеттілікті өтейтін орнына кіру

АЛАҢДАТҚАН АВТОДӘЛІЗ

мүмкін емес. Жағымсыз иіс қолқанды қауып, үймелеген шыбын көзінді тұтып қалады. Міне, осы қызмет түрі үшін біреулер ақы алып отырса, санитарлық тексеріске жауаптылар «көрс де көрмедім» болып отырғаны таңалдырады.

— Жол бойындағы кафелер жерді ойып қолдан жасаған әжетханалары үшін 100 теңгеден алады. Бұл жерге жазда жағымсыз иістен кіру мүмкін болмаса, қыста гулеген желден отыру мүмкін болмайды. Мәселе 100 теңгеде емес. Неге халықаралық дәліз бойында сапалы қызмет орындары жоқ? Осы мәселе жауаптыларды неге ойландырмайды? — дейді жүргізуші Валерий Косицын.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізіне жауапты «Қаз-АвтоЖол» мекемесінің ақпаратына сүйенсек, аталған жол бойынша 62 қызмет көрсету орны бар екен.



ның басты себебі қаржыландыру екен. Қаржы көздері аз болғандықтан жол бойындағы қызмет көрсететін орындар жаңармауда.

Ал облыс әкімдігі Туризм басқармасының берген мәліметіне сүйенсек, жол бойындағы 57 қызмет көрсету орындарының 54-і стандартқа сай екен. Тек Байзақ ауданындағы «Ақжол» және Мойынқұм ауданындағы «Қаз МұнайГаз» мекемелерінің қызметі сапасыз болып тұрған көрінеді.

«Аталған қызмет көрсету орындарында санитарлық талаптар толық сақталмаған. Мүмкіндігі шектеулі жандардың кедергісіз қозғалуына мүмкіндік жасалмаған. Сондай-ақ көлік тұрағы мен қоқыс тастайтын орындар қаралмаған», — дейді Туризм басқармасының мамандары.

Қазір Меркі ауданында «Навек», Т.Рысқұлов ауданында «Бауырсақ» және Жамбыл ауданында «Дербес» қызмет көрсету орындары салынуда. Жобалаушылардың айтуынша, аталған ны-

сандар барлық талапқа сай болатын көрінеді. Сондай-ақ Жуалы ауданында да «Тау Кент Барлау» жол бойында қызмет көрсету орнының құрылысы жүргізілуде. Бұл әрине жанға жылу беретін ақпар. Алайда аталған жобалар қашан аяқталатыны нақты белгісіз.

— Құрылыс жұмыстары тікелей бақылауымызда. Нысандардың иелері және демеушілерімен құрылысты дер кезінде аяқтау туралы күнделікті жұмыс жүргізілуде. Бұйыртып, бұл нысандар халықаралық стандартқа сай қызмет көрсету орындарына айналады, — дейді Туризм басқармасындағы мамандар.

Әрине, бұл — құп көретін бастамалар. Алайда 3-4 нысанмен жол бойындағы қажеттілікті толықтай өтеуге бола ма?

Бытыр Мәжіліс депутаттары жол бойындағы қызмет көрсету орындарының сапасыздығына байланысты Премьер-министр Олжас Бектеновке сауал жолдаған болатын. Сол кезде 2030 жылғы дейін халықаралық дәліз бойынан 200 заманауи қызмет көрсету орны салынатындығы айтылған. Міне, 2026 жылдың бел ортасына да келдік. Әзірге 3-4 нысанның ғана құрылысы жүргізілуде. Қалған 3 жылда 200 заманауи кешен бой көтереді дегенге сену қиын. Біріншіден, бұған қомақты қаржы керек болса, екіншіден, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының жыл өткен сайын бүтінделгенінен бүлінгені көбейеде. Мұндай жағдайда жанарту былай тұрсын, жырттықты жамаудың өзі мұңға айналатын сияқты.

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Бүгінде жасанды интеллект тұрмыс-тіршілігімізді ғана емес, сезімімізді де цифрландыра бастады. Қазір виртуал сырласқа, тіпті психологқа айналған платформалар бар. ЖИ жұмысына негізделген бұл платформалар адамның ішкі әлеміне дендеп еніп те үлгерді. Кей адамдардың жасанды интеллектіге деген көңілі достықтан да артық. Олар ЖИ-ға үйленіп, виртуал боттар мен цифрлық платформаны өмірлік жары етіп жүр. Бұл үрдіс жағымды құбылыс па, әлде ЖИ ақыр соңында адамды жалғыздыққа әкеп соқтыра ма? Біз әзірге сол бір танымал платформалардың ерекшелігіне тоқталып өтсек.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Миллиондаған адам туған бауырына, жақын досына емес, ЖИ-ға сеніммен қарайды. Алғашында қызметі мен тұрмыстық шаруасын онтайландыру үшін көмекке жүгінсе, кейін медициналық кеңестер алды, енді цифрлық психолог көреді. Бұрын цифрлық платформалар арқылы өмірлік жарымды таптым деп қуанатын жандар бар еді, қазір дамыған елдерде цифрлық платформаның өзі серікке айналды.

НЕКЕЛЕСУГЕ ТИІМДІ БОТ

Алдымен Replika қосымшасы жөнінде айтсақ. Replika — әлемдегі ең алғашқы нейрожеліге негізделген чат-боттардың бірі әрі бүгінде де ең ірі платформаның қатарында тұр. Боттың шығу тарихы да әлем жұртын таңғалдырған еді. Платформаның негізін қалаушы Евгений Куйда 2017 жылы жақын досы жол апатынан қайтыс болған соң, оның хаттары мен дауыстық хабарламаларын жинап, еске алуға арналған цифрлық көшірме ойлап табады. Нейрожеліні досының сөйлеу мәнеріне, мінезі мен әзіліне дейін бейімдеп жаттықтырады, тіпті бұл жүйені досының жақындары да пайдалана бастайды. Евгений кейіннен осы идеясын жетілдіріп, адамдарды қолдауға, жалғыздықтан құтқаруға арналған бот етіп дамытады. Осылайша, жеке адамның қайғысы мен сағынышынан туған жоба жалғыздықпен күресуге көмектесетін виртуал досқа айналып отырады.

Қазір дәл осы платформаны қолдану аясында «некелесу» оқиғалары жиі тіркелетін көрінеді. Біз де осы Replika-ны жүктеп қолданып, сынап көрдік. Әуелі қолданбаны пайдалану мақсатына байланысты жүйені досы, туысы, ғашығы, күйеуі/әйелі немесе тәлімгер ретінде тіркеуге болады. Бот кейіннен пайдаланушының мінезіне бейімделіп, эмоционалдық жақындық тудырады. Бір сөзбен айтсақ, сіз үшін иллюзия жасап береді.

ЖАСАНДЫ ЖҰБАЙЛАР ЖАЛҒЫЗДЫҚТАН?

Replika сөйлескен сайын адамның мінезін, жақсы көретін заттарын, қорқынышын есте сақтап, уақыт өте келе соған үйренеді. Сол себепті бұл қосымшаны адамның цифрлық көшірмесі, егізі деп те айтып жатады және де серігіңіздің 3D аватарын, сырт келбетін, киіміне дейін жасап алуға мүмкіндік бар.

Тегін нұсқасы да эмоционалды байланыс үшін тиімді. Өкінішке қарай, әзірге бұл қосымшаның қазақ тілін түсіну деңгейі төмен, дегенмен де ағылшын тілін меңгеру мақсатында да пайдалануға болады. Қазір Replika-ның 10 миллионнан аса пайдаланушысы бар екен. Зерттеулерге сенсек, қолданушылардың 80 пайызы осы ботты депрессия мен жалғыздық сәттерінде эмоционалды тірек ретінде пайдаланып жатады.

ПСИХОЛОГҚА АЙНАЛҒАН ЖҮЙЕ

Ең қолжетімді, қызықты нейрожелінің бірі — Character AI жүйесі. Платформаның ерекшелігі, пайдаланушылар мұнда идеалды жарының цифрлық нұсқасын өз қалауынша жазып шыға алады және өзі ойлап табуға немесе фильмдердегі кейіпкерлерге ұқсатып келістіруге болады екен. Кейбір адамдар дәл осындай чат-боттармен айлап, жылдап та романтикалық қарым-қатынас құрады. Сонымен қатар платформада арнайы психолог-боттардың да көмегін алуға болады. Платформадағы ең танымал боттардың бірі — Psychologist. Оған миллиондаған адам ішкі сырын, мазасыздану себебін жазып, бей-



тарап психологиялық кеңес алады, психологиялық рөлдік ойындар өткізуге де мүмкіндік бар. Қазір платформа қолданушылары шамамен күніне 2 сағатқа жуық уақытын осы ботпен сөйлесуге жұмсайды.

ШАРШАМАЙТЫН «ТЫҢДАУШЫ»

Қазір адамша сөйлей алатын, дауысы, тыныс алуы мен кідіріс жасауы адамдыкінен аумайтын платформалар да бар. Мәселен, Pi платформасын қарастырып көрейік. Pi (Personal Intelligence) қазақ тіліне аударғанда, «Жеке интеллект» дегенді білдіреді. Бұл бот дайын ақпаратты ұсынып қоймай, әр қолданушыны жеке тыңдап, қажетіне қарай ақпаратты өңдеп береді. Адам ішіндегісін шығарғанда, жүйе «Өзіңді қалай сезініп тұрсың?», «Бұл жағдай саған қалай әсер етті?» деген секілді ашық сұрақтар қойып,

тыңдауға, түсінуге тырысады. Ең бастысы, мұнда адамға тән микро-эмоциялар шынайы көрінеді.

Сонымен қатар қазір ChatGPT жүйесіне де жетілдірілген дауыс режимі қосылды. Онымен дауыстық режимде сөйлескенде, құдды адам деп қаласыз. OpenAI ұсынған жана дауыстық режим ЖИ-мен қарым-қатынасты мүлдем жана деңгейге көтерді. Қолданушы ЖИ-дің сөзін кез келген жерден бөліп тоқтата алады, ал ЖИ адам дауысының ырғағына қарап оның көңіл күйін танып, соған лайық интонациямен жауап бере алады. Адамдар көбіне-көп бұл режимді кешкілік серуендеу кезінде құлаққап киіп, күні бойы жиналған ойын реттеу үшін «сырлас» ретінде қолданады екен.

КЛИНИКАЛЫҚ ДӘЛЕЛДЕНГЕН КӨМЕКШІ

Жасанды зердені жөнімен пайдаланса, әрине, көмекші құ-

рал бола алатыны анық. Алайда жалғыздықтан құтыламын деп жүріп, қиял әлеміне еніп, шынайы өмірді ұмытып қалмасак екен. Стэнфорд университетінің психологтары мен нейробиологтары жақында Woebot атты платформа жасап шығарды. Woebot — әлемдегі ең көп зерттелген психологиялық чат-боттардың бірі. Бұл платформа клиникалық тұрғыда көмекші құрал ретінде пайдалануға болатыны дәлелденген. Бот жай ғана тілдесіп қоймай, когнитивті мінез-құлық терапия әдістерін қолданады және адамның негатив ойларын анықтап, жағымды ойлармен алмастыруға, эмоцияны реттеуге жаттықтырады. Клиникалық зерттеулерге сәйкес Woebot-ты 2-4 апта бойы тұрақты қолданған адамдарда депрессия мен мазасыздық белгілерінің едәуір төмендегені байқалған, тіпті босанудан кейінгі депрессия мен жасөспірімдердің мазасыздығын емдеуде тиімді көмек берген. Дегенмен оның психолог емес, тек көмекші құрал екенін естен шығармаған абзал, боттың белгілі бір деңгейде пайдасы дәлелденгенмен, мүмкіндігі әлі де шектеулі. Ол тірі адам сияқты жанашырлық таныта алмайды, ауыр депрессия кезінде де толық көмек бере алмайды. Ол ChatGPT сияқты еркін генеративті ЖИ емес, ол тек алдын ала құрылған алгоритмдер бойынша көмектеседі.

Қазір ЖИ-мен терең достық Қытайда, Жапонияда, Азия елдерінде де трендке айналып жатыр. Хиаоісе сияқты платформалар миллиондаған жасқа виртуал жар рөлін атқарып келеді. Жыл өткен сайын жұмысы барынша шынайы платформалар іске қосылып жатыр. Жастар бұл жүйенің мінсіз жар болатынын айтады. «ЖИ-жұбайлар» ешқашан ұрыспайды, ренжімейді, шаршамайды және адамның көңіл күйі мен ыңғайына қарай қарым-қатынас орнатады, түн жарымына дейін сөзінді тыңдауға да дайын. Шынайы өмірде көңілі қалған, психологиялық жарақат алған немесе жалғыздықтан зардап шегетін адамдар ЖИ-ді қауіпсіз қарым-қатынас түрі деп біледі.

Бір әттеген-айы, мұның бәрі уақытша иллюзия. Психологтар мұндай құбылыс жалғыздық пен күйзеліске қарсы уақытша шешім екенін айтып, адамды шынайы қоғамнан одан бетер оқшаулау қаупі жоғары деп алаңдайды.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәні ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4785
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,